(a) Детали Заказа (b) Заказ на отгрузку Товара (при наличии) (c) Особые положения и условия (при наличии) (d) Приложение А – Общие условия Договора Поставки (e) другие Приложения (при наличии) (f) Приложения-инструкции: (i) Приложение-инструкция 1. Инструкция по выставлению счетов (ii) Приложение-инструкция 2. Требования к Чертежам и Данным Поставщика (при наличии) (iii) Приложение-инструкция 3. Технические спецификации (при наличии) (iv) Приложение-инструкция 4. Инженерно-технические условия (при наличии) (v) Приложение-инструкция 5. Списки технических данных (при наличии) (vi) Приложение-инструкция 6. Запасные части для пусконаладки (при наличии) (vii) Приложение-инструкция 7. Инструкции по упаковке, маркировке и	(a) Тапсырыс деректері (b) Тауарды жөнелтуге тапсырыс (болған жағдайда) (c) Ерекше ережелері мен талаптары (болған жағдайда) (d) А қосымшасы – Жеткізу шартының жалпы талаптары (e) басқа Қосымшалар (болған жағдайда) (f) Нұсқаулық-қосымша: (i) 1-қосымша-нұсқаулық. Шоттарды ұсыну жөніндегі нұсқаулық (ii) 2-қосымша-нұсқаулық. Жеткізушінің Сызбаларына және Деректеріне қойылатын талаптар (болған жағдайда) (iii) 3-қосымша-нұсқаулық. Техникалық ерекшеліктер (болған жағдайда) (iv) 4-қосымша-нұсқаулық. Инженерлік-техникалық талаптар (болған жағдайда) (v) 5-қосымша-нұсқаулық. Техникалық деректердің тізімі (болған жағдайда) (vi) 6-қосымша-нұсқаулық. Іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер (болған жағдайда)

отгрузке (Инструкции PM&S) (viii) Приложение-инструкция 8. Форма Упаковочного листа (ix) Приложение – инструкция 9. Форма – Список крупных узлов оборудования (при наличии). (g) Спецификации, чертежи и другие документы, указанные в Договоре Поставки (при наличии) (h) Детали поставки в Коммерческом предложении.	(vii) 7-қосымша-нұсқаулық. Қаптау, таңбалау және тиеу жөніндегі нұсқаулық (PM&S нұсқаулық) (viii) 8-қосымша-нұсқаулық. Қаптау парағының үлгісі (ix) 9-қосымша-нұсқаулық. Жабдықтың ірі түйіндерінің тізімі(болған жағдайда). (g) Жеткізу шартында көрсетілген ерекшеліктер, сызбалар және басқа да құжаттар (болған жағдайда) (h) Коммерциялық ұсыныстағы жеткізу деректері.
Поставщик, подписывая настоящий Договор поставки полностью и в безакцептном порядке соглашается с Приложением А – Общие положения и условия Договора Поставки товаров, размещенных на сайте https://www.kazminerals.com/, действующие на дату подписания настоящего Договора поставки, за исключением условий, согласованных в Особых условиях (при наличии)	Жеткізуші Ерекше Талаптарда (болған жағдайда) келісілген талаптарды қоспағанда, осы Жеткізу шартына толық қол қоя отырып және акцептсіз тәртіппен осы Шартқа қол қойылған күні қолданыста болатын https://www.kazminerals.com/ сайтында орналастырылған Тауарларды жеткізу туралы шарттың жалпы ережелері мен талаптары – А қосымшасымен келіседі

Товар / Тауар												
№	Наименование позиции / Позицияның атауы	Артикул изготовителя / Өндірушінің артикулы	Код материала / Материал коды	Срок поставки в кал.дн. / Жеткізу мерзімі	Ед. Изм / Өлш. бірл	Макс. кол-во / Максималды саны	Цена за ед. / Бір бірлігі үшін бағасы	Сумма / Сомасы	Код ЕНСТРУ	Номер, дата и наименование контракта на недропользование / Нөмірі, күні және атауы-жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт	Пункт Поставки (Рабочая Площадка) / Жеткізу пункті (Жұмыс алаңы)	Примечание/ Ескерту
1												

Общая Сумма Договора Поставки, без НДС / ҚҚС-ны есептемегендегі жалпы сомасы	
НДС / ҚҚС	
Общая Сумма Договора Поставки, с НДС / ҚҚС-ны қоса есептегендегі жалпы сомасы	

Контактное лицо для координации вопросов по логистике и курированию перевозок / Логистика және жеткізілімдерді басқару мәселелерін үйлестіруші тұлға:	
Контактная информация физ лица Ответственного за договор	

Покупатель	**Поставщик**
Сатып алушы	**Жеткізуші**
Дата / Күні	*Дата / Күні*
подпись / қолы	*подпись / қолы*
Печать / Мөр	*Печать / Мөр*

Специалист по закупкам:

Приложение № А к приказу
от «___»_____2023 года
№_____

СОДЕРЖАНИЕ / МАЗМҰНЫ

1	ОПРЕДЕЛЕНИЯ / АНЫҚТАМАЛАР	2
2	ТОЛКОВАНИЕ ДОГОВОРА / ШАРТТЫ ТҮСІНДІРУ	5
3	ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА / ШАРТТЫҢ МӘНІ	6
4	ПОЛНОТА ДОГОВОРА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫ	6
5	СУММА ДОГОВОРА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ СОМАСЫ	7
6	СРОКИ, ГРАФИК, ОТВЕТСТВЕННОСТЬ / МЕРЗІМДЕР, КЕСТЕ, ЖАУАПКЕРШІЛІК	7
7	РАЗРЕШЕНИЯ И ЛИЦЕНЗИИ / РҰҚСАТТАР ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛАР	9
8	ГАРАНТИИ И ЗАВЕРЕНИЯ / КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРУЛАР	9
9	КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО / САНЫ МЕН САПАСЫ	11
10	ПОСТАВКА ТОВАРОВ / ТАУАРЛАРДЫ ЖЕТКІЗУ	11
11	ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ И РИСК СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ ИЛИ СЛУЧАЙНОГО ПОВРЕЖДЕНИЯ ТОВАРОВ / МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТАУАРДЫ КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫП АЛУ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАП АЛУ ТӘУЕКЕЛІ	15
12	ПРИЕМКА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУДІ ҚАБЫЛДАУ	16
13	ВОЗМЕЩЕНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ РАСХОДОВ / ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ	17
14	СЧЕТА-ФАКТУРЫ И ПЛАТЕЖИ / ШОТ-ФАКТУРАЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР	18
15	ФИНАНСОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ / ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ	20
16	СОБЛЮДЕНИЕ НАЛОГОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА / САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ	20
17	УСЛУГИ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ ПОСТАВЩИКА НА РАБОЧЕЙ ПЛОЩАДКЕ, ВИЗЫ И УДЕРЖАНИЕ НАЛОГОВ / ЖЕТКІЗУШІ ӨКІЛІНІҢ ЖҰМЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ, ВИЗАЛАР ЖӘНЕ САЛЫҚТАР ҰСТАУ	23
18	ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА СУБПОСТАВЩИКОВ / ҚОСАЛҚЫ ЖЕТКІЗУШІЛЕР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК	24
19	ОСМОТР, ТЕСТИРОВАНИЕ И ЭКСПЕДИРОВАНИЕ / ҚАРАП ТЕКСЕРУ, ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ	24
20	ВНЕСЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЙ В ДОГОВОР ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ	25
21	КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ / МҮДДЕЛЕР ШИЕЛЕНІСІ	25
22	ОГРАНИЧЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ / ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ	26
23	СОХРАНЕНИЕ ПРАВ / ҚҰҚЫҚТАРДЫ САҚТАУ	26
24	ПРАВО УДЕРЖАНИЯ И ОБРЕМЕНЕНИЕ ИМУЩЕ123СТВА / ҰСТАП ҚАЛУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МҮЛІККЕ АУЫРТПАЛЫҚ САЛУ	26
25	ПРИОСТАНОВКА ИСПОЛНЕНИЯ ДОГОВОРА / ШАРТТЫ ОРЫНДАУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ	26
26	ОТКАЗ ОТ ДОГОВОРА В СВЯЗИ С НЕИСПОЛНЕНИЕМ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ/ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШАРТТАН БАС ТАРТУ	27
27	ПРАВО ПОКУПАТЕЛЯ НА ОТКАЗ ОТ ПОСТАВКИ / САТЫП АЛУШЫНЫҢ ЖЕТКІЗІЛМНЕН БАС ТАРТУ ҚҰҚЫҒЫ	28
28	КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ / ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ	28
29	ИНФОРМАЦИЯ В ОТКРЫТОМ ДОСТУПЕ / ҚОЛЖЕТІМДІ РЕСУРСТАҒЫ АҚПАРАТ	29
30	ПРАВА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ / ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ	30
31	УВЕДОМЛЕНИЯ / ХАБАРЛАМАЛАР	30
32	ДЕЛИМОСТЬ И ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ / БӨЛІНГІШТІК ЖӘНЕ ШЫНАЙЫЛЫҚ	31
33	УСТУПКА ПРАВ И ИХ ДЕЛЕГИРОВАНИЕ / ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАБЫСТАУ	31
34	ПРИМЕНИМОЕ ПРАВО И ЯЗЫК / ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТІЛ	31
35	РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ / ДАУЛАРДЫ ШЕШУ	32
36	ЭКЗЕМПЛЯРЫ / ДАНАЛАР	32
37	ФОРС-МАЖОР / ФОРС-МАЖОР	32
38	ОТКАЗ ОТ ПРАВ / ҚҰҚЫҚТАРДАН БАС ТАРТУ	33
39	ДОКУМЕНТАЦИЯ И ПРАВО НА АУДИТ / ҚҰЖАТТАМА ЖӘНЕ АУДИТ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ	33
40	ПЕРЕМАНИВАНИЕ СОТРУДНИКОВ / ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚЫЗЫҚТЫРЫП ТАРТУ	34
41	ПОЛОЖЕНИЯ О ПРОТИВОДЕЙСТВИИ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВУ И КОРРУПЦИИ / ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	34
42	ИСТЕЧЕНИЕ СРОКА ДЕЙСТВИЯ НАСТОЯЩЕГО ДОГОВОРА ПОСТАВКИ И СОХРАНЕНИЕ ДЕЙСТВИЯ ЕГО ПОЛОЖЕНИЙ ПОСЛЕ ИСТЕЧЕНИЯ СРОКА ДЕЙСТВИЯ / ОСЫ ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІНІҢ ӨТУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ӨТКЕННЕН КЕЙІН ОНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН САҚТАУ	35
43	ПОЛОЖЕНИЯ О СПРАВЕДЛИВЫХ УСЛОВИЯХ НАЙМА И ПОРЯДКЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ПОСТАВЩИКАМИ/ ЖҰМЫСҚА ӘДІЛ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР	35
44	ОТСУТСТВИЕ КОЛЛИЗИЙ С САНКЦИОННЫМИ ЗАКОНАМИ / САНКЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАРМЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ БОЛМАУЫ	36
45	РАСШИРЕННЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА ПРОИЗВОДИТЕЛЯ (ИМПОРТЕРОВ)/ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ (ИМПОРТТАУШЫЛАРДЫҢ) КЕҢЕЙТІЛГЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ	37

1 ОПРЕДЕЛЕНИЯ / АНЫҚТАМАЛАР

1.1	Если иное не требуется контекстом, в котором появляется какой-либо определенный термин, следующие термины в настоящем Договоре Поставки имеют значение, указанное в настоящейСтатье:	Егер қандай да белгілі бір термин пайда болатын мәнмәтінде басқа мағынасы талап етілмесе, осы Жеткізу шартындағы келесі терминдер осы Бапта көрсетілген мәнге ие болады:
1.2	**«Акт доставки Товаров»** означает накладную на отпуск запасов на сторону, выданную Поставщиком, подтверждающую доставку Товара в Пункт Поставки, которая датирована и подписана Покупателем или подтвержденное Покупателем СНТ, зарегистрированное Поставщиком на портале ИС ЭСФ;	**«Тауарларды жеткізу актісі»** ЭШФ АЖ порталында Жеткізуші тіркеген, Тауарды жеткізу пунктіне жеткізуді растайтын, Сатып алушы күнін көрсеткен және қол қойған немесе Сатып алушы растаған ТІЖ (тауарға берілетін ілеспе жүккұжат) тарапқа қорларды босатуға арналған жүккұжатты білдіреді;
1.3	**«Аффилированное лицо»** означает по отношению к какой-либоиз Сторон:	**«Үлестес тұлға»** қандай да бір Тарапқа қатыстылығын білдіреді:
a)	лицо, которое прямо или косвенно контролируетрассматриваемую Сторону;	қарастырылатын Тарапты тікелей немесе жанамабақылайтын тұлға;
b)	лицо, которое прямо или косвенно контролируется такойСтороной;	осындай Тарап тікелей немесе жанама бақылайтын тұлға;
c)	лицо, которое прямо или косвенно контролируется третьим лицом, которое также прямо или косвенноконтролирует такую Сторону; или	үшінші тұлғаның тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғасы, сондай-ақ осындай Тарапты тікелей немесе жанама бақылайтын тұлға; немесе
d)	совместное предприятие или товарищество, в котором Сторона имеет прямое или косвенное участие;	Тарап тікелей немесе жанама қатысатын бірлескенкәсіпорын немесе серіктестік;
1.4	**«Гарантийный период»** имеет определение, указанное в Статье 8.3b);	**«Кепілдік кезеңі»** 8.3b)-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.5	**«Дата Длительной Задержки Доставки»** имеет определение, указанное в Статье 6.8;	**«Жеткізуді ұзақ кешіктіру күні»** 6.8-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.6	**«Детали Заказа»** означает форму под названием «Детали Заказа», имеющую наивысший приоритет среди других частей данного Договора Поставки, содержащую ключевую информацию касательно Поставки, включая, среди прочего, реквизиты Сторон, дату Договора, дату вступления в силу Договора Поставки, номер Договора Поставки, Сумму, цену за позицию, Товары, порядок оплаты, условия поставки, Согласованные даты Доставки и Пункт Поставки;	**«Тапсырыс деректері»** осы Жеткізу шартының басқа бөлімдерінің ішінде ең жоғары басымдыққа ие, Тараптардың деректемелерін, Шарттың жасалған күнін, Жеткізу шартының күшіне енген күнін, Жеткізу шартының нөмірін, Тауардың сомасын, позиция бағасын, төлем тәртібін, жеткізу талаптарын, Жеткізудің келісілген күнін және Жеткізу пунктін қоса алғанда, Жеткізуге қатысты негізгі ақпаратты қамтитын «Тапсырыс деректері» деп аталатын нысанды білдіреді;
1.7	**«Договор Поставки»** означает настоящий договор, заключенный между Сторонами касательно Поставки, как описано в Статье 4.5 ниже;	**«Жеткізу шарты»** төмендегі 4.5 -бапта сипатталғандай жеткізуге қатысты Тараптар арасында жасалған осы шартты білдіреді;
1.8	**«Заказ на отгрузку»** означает документ, направляемый Покупателем Поставщику по заключенному рамочному Договору Поставки с указанием объемов Товаров, сроков и других условий рамочного Договора Поставки;	**«Жөнелтуге арналған тапсырыс»** Тауарлардың көлемін, мерзімдерін және Жеткізу шартының басқа да талаптарын көрсете отырып, жасалған негіздемелік Жеткізу шарты бойынша Сатып алушының Жеткізушіге жіберетін құжатын білдіреді;
1.9	**«Изменения в Договор Поставки»** имеет значение, указанное в Статье 20;	**«Жеткізу шартына өзгертулер енгізу»** 20-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.10	**Incoterms»** означает последнюю версию Incoterms, действующую на дату вступления в силу настоящего Договора Поставки;	**«Incoterms»** осы Жеткізу шарты күшіне енген күні қолданылатын Incoterms-тің соңғы нұсқасын білдіреді;
1.11	**«Компании Покупателя»** означает Покупателя и его соответствующих Аффилированных лиц, цессионариев и правопреемников;	**«Сатып алушының компаниясы»** Сатып алушыны және оның тиісті Үлестес тұлғаларын, борышқорларын және құқықтық мирасқорларын білдіреді;
1.12	**«Конфиденциальная информация»** имеет определение,указанное в Статье 28;	**«Құпия ақпарат»** 28-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.13	**«Обременения»** имеет определение, указанное в Статье 8;	**«Ауыртпалықтар»** 8-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.14	**«Объекты»** означает установки/фабрики, конструкции, системы, оборудование (в том числе передвижное), вспомогательные объекты, системы водо- и теплоснабжения, которые будут закуплены, изготовлены, установлены, построены или возведены на Рабочей площадке;	**«Объектілер»** Жұмыс алаңында сатып алынатын, дайындалатын, орнатылатын, салынатын немесе құрастырылатын қондырғылар/фабрикаларды, конструкцияларды, жүйелерді, жабдықтарды (оның ішінде жылжымалы), қосалқы объектілерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін білдіреді;
1.15	**«Опасные материалы»** имеют определение, указанное в Статье 10.8;	**«Қауіпті материалдар»** 10.8-бапта көрсетілген мағынаныбілдіреді;
1.16	**«Паспорта безопасности материалов или MSDS»** означают документы, в которых перечисляется информация, касающаяся техники безопасности и охраны труда, по использованию различных веществ и продуктов;	**«Материалдардың қауіпсіздік паспорттары немесе MSDS»** қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғауға қатысты, әртүрлі заттар мен өнімдерді пайдалану жөніндегі ақпарат көрсетілген құжаттарды білдіреді;
1.17	**«Передача владения»** означает передачу владения и приемку Товаров в Пункте Поставки, о чем свидетельствует выдача экспедитором Сертификата Получения Груза Экспедитором (СПГЭ) Покупателю или подписание Покупателем Акта доставки Товаров;	**«Иеленуді тапсыру»** Тауарларды Жеткізу пунктінде иеленуді беруді және қабылдауды білдіреді, бұл туралы Экспедитордың жүкті алу сертификатын (ЭЖАС) Сатып алушыға беруі немесе Сатып алушының «Тауарларды жеткізу актісіне» қол қоюы куәландырады;

1.18	**«Покупатель»** имеет значение, указанное в Деталях Заказа;	**«Сатып алушы»** Тапсырыс деректерінде көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.19	**«Поставка»** означает всю деятельность, которая должна быть осуществлена Поставщиком, включая производство или закупку Товаров, изготовление, сборку, транспортировку и физическую доставку Товаров согласно условиям поставки, указанным в Договоре Поставки, физическую передачу Товаров (если применимо), технический надзор и техническую поддержку, включая сборку, установку, пусконаладку, приемочные испытания, ввод в эксплуатацию Товаров на Рабочей Площадке, Требования к Чертежам и Данным Поставщика, список идентификационных номеров крупных узлов, включенных в Товар, проектных чертежей, соответствующих технических и инженерных спецификаций, требуемых согласно настоящему Договору Поставки;	**«Жеткізу»** Жеткізу шартында көрсетілген жеткізу талаптарына сәйкес Тауарларды өндіруді немесе сатып алуды, Тауарларды дайындауды, жинауды, тасымалдауды және физикалық жеткізуді, тауарларды физикалық тапсыруды (қолданылатын болса), техникалық қадағалауды және техникалық қолдауды, жинауды, орнатуды, іске қосуды, қабылдау сынақтарын, Тауарларды Жұмыс алаңында пайдалануға беруді қоса алғанда, Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне қойылатын талаптар, осы Жеткізу шартына сәйкес талап етілетін тауарға енгізілген ірі тораптардың сәйкестендіру нөмірлерінің, жобалау сызбаларының, тиісті техникалық және инженерлік ерекшеліктердің тізімін қоса алғанда Жеткізуші жүзеге асыруы тиіс барлық қызметтерді білдіреді;
1.20	**«Поставщик»** означает Сторону или Стороны, с которыми заключен настоящий Договор Поставки, как указано в Деталях Заказа;	**«Жеткізуші»** Тапсырыс деректерінде көрсетілгендей, осы Жеткізу шарты жасалған Тарапты немесе Тараптарды білдіреді;
1.21	**«Поставщик-резидент РК»** означает Поставщика, являющегося резидентом Республики Казахстан в налоговых целях;	**«Жеткізуші-ҚР резиденті»** салықтық мақсаттарда Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Жеткізушіні білдіреді;
1.22	**«Представитель(и) Покупателя»** означает уполномоченное лицо, указанное в Договоре Поставки, либо другое такое лицо, которого Покупатель может в отдельных случаях назначать путем письменного уведомления, направляемого Поставщику, и который наделен полномочиями действовать и принимать обязательства от имени и по поручению Покупателя;	**«Сатып алушының өкілі(дері)»** Жеткізу шартында көрсетілген уәкілетті тұлғаны немесе Сатып алушы жекелеген жағдайларда Жеткізушіге жіберілетін жазбаша хабарлама арқылы тағайындай алатын және Сатып алушының атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет етуге және міндеттемелер қабылдауға өкілеттік берілген басқа да тұлғаны білдіреді;
1.23	**«Представитель Стороны»** означает Представителя(ей) Покупателя или Представителя(ей) Поставщика, в зависимости от контекста;	**«Тараптардың өкілі»** мәнмәтінге байланысты Сатып алушының өкілін (өкілдерін) немесе Жеткізушінің өкілін (өкілдерін) білдіреді;
1.24	**«Представитель(и) Поставщика»** означает уполномоченное лицо, указанное в Договоре Поставки, либо другое такое лицо, которого Поставщик может в отдельных случаях назначать на основании письменного уведомления, направляемого Покупателю и который наделен полномочиями действовать и принимать обязательства от имени и по поручению Поставщика;	**«Жеткізушінің өкілі(дері)»** Жеткізу шартында көрсетілген уәкілетті тұлғаны немесе Жеткізуші жекелеген жағдайларда Сатып алушыға жіберілетін жазбаша хабарламаның негізінде тағайындай алатын және Жеткізушінің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет етуге және міндеттемелер қабылдауға өкілеттік берілген басқа да тұлғаны білдіреді;
1.25	**«Претензии» или «Ответственность»** означает обязательства, претензии, требования, долги, реальный ущерб, неустойки, штрафы, пени, иски, документально подтвержденные расходы и затраты любого характера (включая, без ограничений, судебные, арбитражные, нотариальные издержки и сборы, и любые расходыи издержки, возникшие в области управления или устранения выбросов, отходов или загрязнений);	**«Шағымдар» немесе «Жауапкершілік»** – міндеттемелерді, шағымдарды, талаптарды, қарыздарды, нақты зиянды, тұрақсыздық айыбын, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, талап- арыздарды, құжатпен расталған шығындарды және кез келген сипаттағы шығындарды (соның ішінде, шектеусіз, сот, төрелік, нотариаттық шығындар мен алымдар және басқару немесешығарындыларды, қалдықтарды немесе ластануларды жою саласында туындаған кез келген шығындар мен шығыстар) білдіреді;
1.26	**«Применимое Законодательство»** или **«Законы»** означает закон, указ, приказ, постановление, предписание, лицензию, разрешение, согласование, одобрение, утверждение, нормы или толкование любого государственного органа, имеющего юрисдикцию над Договором Поставки, операциями Покупателя, или другое законодательное или административное действие государственного органа, или окончательное постановление, решение или постановление суда, которые относятся к выполнению Поставки по настоящему Договору Поставки, или толкованию или применению настоящего Договора Поставки;	**«Қолданылатын Заңнама»** немесе **«Заңдар»** Жеткізу шартында, Сатып алушының операцияларына құзыреті бар кез келген мемлекеттік органның заңын, жарлығын, бұйрығын, қаулысын, нұсқамасын, лицензиясын, рұқсатын, келісуін, мақұлдауын, бекітілуін, нормаларын немесе түсіндірілуін немесе мемлекеттік органның басқа да заңнамалық немесе әкімшілік әрекетін немесе Жеткізу шарты бойынша Жеткізуді орындауға немесе осы Жеткізу шартын түсіндіруге немесе қолдануға қатысты соттың түпкілікті қаулысын, шешімін немесе қаулысын білдіреді;
1.27	**«Пункт Поставки»** означает пункт поставки или местонахождение, указанные в Деталях Заказа или в Заказе на отгрузку;	**«Жеткізу орны»** жеткізу орнын немесе Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген мекенжайды білдіреді;
1.28	**«Рабочая Площадка»** означает местонахождение рудника и комплексов по переработке медных руд и соответствующую инфраструктуру Покупателя, как указано в Деталях Заказа или в Заказе на отгрузку;	**«Жұмыс алаңы»** Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілгендей, кеніш пен мыс кенін қайта өңдеу кешендерінің орналасқан жерін және Сатып алушының тиісті инфрақұрылымын білдіреді;
1.29	**«Рабочий День»** означает любой день, в который организации, включая компании Группы KAZ Minerals, обычно открыты и ведут деятельность в странах, относящимся к выполнению Поставки;	**«Жұмыс күні»** KAZ Minerals Тобы компанияларын қоса алғанда, ұйымдар әдетте ашық болатын және Жеткізуді орындауға қатысты елдерде қызметін жүзеге асыратын кез келген күнді білдіреді;
1.30	**«Согласованная дата Доставки»** означает дату(ы), указанную(ые) в Деталях заказа или в Заказе на отгрузку, в которую Поставщик обязуется поставить Товары в Пункт Поставки;	**«Келісілген жеткізу күні»** Жеткізуші Тауарларды Жеткізу орнына жеткізуге міндеттенетін Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген күнді (күндерді) білдіреді;
1.31	**«Спор»** или **«Споры»** имеет определение, указанное в Статье 35;	**«Дау»** немесе **«Даулар»** 35-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.32	**«Статья»** означает статью, пункт или подпункт настоящих Общих условий закупа товаров;	**«Бап»** осы Тауарларды сатып алу жөніндегі жалпы талаптардың бабын, тармағын немесе тармақшасын білдіреді;
1.33	**«Сторона»** означает либо Покупателя, либо Поставщика, в единственном числе;	**«Тарап»** жекеше түрдегі Сатып алушыны немесе Жеткізушіні білдіреді;
1.34	**«Стороны»** означает и Покупателя, и Поставщика во множественном числе;	**«Тараптар»** Сатып алушыны да Жеткізушіні де көпше түрде білдіреді;

1.35	**«Субпоставщик»** означает любого субподрядчика или субпоставщика Поставщика в связи с Поставкой;	**«Қосалқы жеткізуші»** Жеткізуге байланысты Жеткізушінің кез келген қосалқы мердігерін немесе қосалқы жеткізушісін білдіреді;
1.36	**«Сумма»** или **«Сумма Договора Поставки»** означает совокупное возмещение, указанное в Деталях Заказа, которое должно быть выплачено Поставщику согласно настоящему Договору Поставки;	**«Сома»** немесе **«Жеткізу шартының сомасы»** осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушіге төленуі тиіс Тапсырыстың деректерінде көрсетілген жиынтық өтемді білдіреді;
1.37	**«Товары, не соответствующие требованиям»** имеет определение, указанное в Статье 12.3;	**«Талаптарға сәйкес келмейтін тауарлар»** 12.3-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.38	**«Товары»** означает товары, детально описанные в соответствующих Деталях Заказа, и Приложениях-инструкциях 3 и 7 (Запасные части для пусконаладки), все инструкции, запасные части и руководства по эксплуатации, которые необходимы Покупателю для надлежащего использования товаров, и всё прочее, обоснованно вытекающее из назначения Товаров в соответствии с Договором Поставки;	**«Тауарлар»** Тапсырыстың тиісті деректерінде және 3 және 7-қосымша-нұсқаулықтарда (іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер) егжей-тегжейлі сипатталған тауарларды, Сатып алушыға тауарларды тиісінше пайдалану үшін қажетті барлық нұсқаулықтарды, қосалқы бөлшектер мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды және Жеткізу шартына сәйкес Тауарлардың мақсатынан негізді түрде туындайтын өзге де барлық нәрселерді білдіреді;
1.39	**«Требования к Чертежам и Данным Поставщика»** или **«VDDR»** означают все чертежи, конструкторские подробности, технические спецификации, руководства, инструкции, процедуры, списки запчастей и другую информацию, которые должны быть переданы Покупателю в качестве составляющей Поставки согласно Приложению-инструкции 2;	**«Жеткізушінің сызбалары мен деректеріне қойылатын талаптар»** немесе **«VDDR»** 2-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес Сатып алушыға Жеткізілімнің құрамдас бөлігі ретінде берілуі тиіс барлық сызбаларды, конструкторлық деректерді, техникалық ерекшеліктерді, нұсқаулықтарды, рәсімдерді, қосалқы бөлшектердің тізімдерін және басқа да ақпаратты білдіреді;
1.40	**«Уведомление о дефектах»** имеет определение, указанное вСтатье 8.5;	**«Ақаулар туралы хабарлама»** 8.5-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;
1.41	**«Уведомление»** означает любое письменное уведомление любойиз Сторон, требуемое Статьей 31;	**«Хабарлама»** Тараптың кез келгенінен 31-бапта талап етілетін кез келген жазбаша хабарламаны білдіреді;
1.42	**«Умышленное нарушение»** означает любое действие или неисполнение обязательств какой-либо Стороной по Договору Поставки, о котором такая Сторона знала во время совершения такого действия или неисполнения обязательств и которое является неправильным в данных обстоятельствах, но котороетакая Сторона продолжает намеренно совершать или вероятные последствия которого такая Сторона продолжает пренебрежительно игнорировать;	**«Қасақана бұзушылық»** Жеткізу шарты бойынша қандай да бір Тараптың кез келген іс-әрекеті немесе міндеттемелерді орындамауын білдіреді, бұл туралы мұндай Тарап осындай іс- әрекетті жасау немесе міндеттемелерді орындамау кезінде білген және осы жағдайда дұрыс емес болып табылатын, бірақ мұндай Тарап оны әдейі жасауды жалғастыра беретін немесе мұндай Тарап ықтимал салдарларын елеусіз қалдыруды жалғастыратын кез келген іс-әрекетті білдіреді;
1.43	**«Условия Поставки»** означает инструкции по поставке и/или условия Incoterms, указанные в Деталях Заказа;	**«Жеткізу талаптары»** Тапсырыс деректерінде көрсетілгенжеткізу нұсқаулықтарын және/немесе Incoterms талаптарын білдіреді;
1.44	**«Условия»** или **«Общие условия закупа товаров»** означает настоящие общие условия приобретения товаров, которые являются неотъемлемой частью Договора Поставки;	**«Талаптар»** немесе **«Тауарларды сатып алу жөніндегі жалпы талаптар»** Жеткізу шартының ажырамас бөлігі болып табылатын тауарларды сатып алудың жалпы талаптарын білдіреді;
1.45	**«Услуги»** означают любые услуги, предоставление которых было согласовано с Поставщиком в рамках Поставки, как указано в Деталях Заказа и/или в деталях Поставки в Коммерческом предложении;	**«Қызметтер»** Тапсырыс деректерінде және/немесе коммерциялық ұсыныстағы жеткізу деректерінде көрсетілгендей ұсынылуы Жеткізу аясында Жеткізушімен келісілген кез келген қызметтерді білдіреді;
1.46	**«Установка Товаров»** означает, что Товары были введены в эксплуатацию, что подтверждается рабочим заданием с Рабочей Площадки;	**«Тауарларды орнату»** Тауарлардың пайдалануға берілгенін білдіреді, бұл Жұмыс алаңының жұмыс тапсырмасымен расталады;
1.47	**«Форс-мажор»** означает любое событие, которое:	**«Форс-мажор»** төменде көрсетілген кез келген жағдайдыбілдіреді:
a)	находится вне контроля Стороны, находящейся под его влиянием, и не является результатом какого-либо нарушения или небрежности, совершенных такой Стороной, и	оның ықпалында болатын Тараптың бақылауынан тыс және мұндай Тараптың жасаған кез-келген ұзушылықтың немесе немқұрайдылықтың нәтижесіболып табылмайтын жағдайды, және
b)	не могло быть предотвращено Стороной, находящейся под его влиянием, или которого невозможно было избежать, используя все методы, включая расходование любых разумных сумм с учетом Суммы, и	оның ықпалында болатын Тараптың алдын алу мүмкін болмаған немесе барлық әдістерді қолдана отырып, оның ішінде Соманы ескере отырып, кез-келген қолайлы соманы жұмсауды қоса алғанда алдын ала алмағанжағдайды, және
c)	имеет значительные негативные последствия в отношении способности Стороны, находящейся под его воздействием, выполнять свои обязательства, включая события, которые оказывают значительное негативное влияние на возможности Поставщика и Покупателя выполнить Поставку;	оның ықпалындағы Тараптың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне, соның ішінде Жеткізуші мен Сатып алушының Жеткізуді орындау мүмкіндігіне айтарлықтай теріс әсер ететін оқиғаларға қатысты елеулі теріс салдарыбар жағдайды;
d)	Форс-мажор включает катастрофические ураганы или наводнения, удары молнии, землетрясения и другие стихийные бедствия, войны (объявленные и необъявленные), гражданские беспорядки, бунты, террористические акты, мятежи, саботаж, коммерческие эмбарго, пожары, взрывы, локдауны, общенациональные и региональные забастовки, действия государственных органов, которые не запрашивались, не поддерживались ине были вызваны действиями Стороны, находящейся под влиянием Форс-мажора;	Форс-мажорға апатты дауылдар немесе су тасқыны, найзағай, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, соғыс (жарияланған және жарияланбаған), азаматтық тәртіпсіздіктер, бүліктер, террористік актілер, көтерілістер, іріткі салу, коммерциялық эмбарголар, өрт, жарылыстар, локдаундар, жалпыұлттық және аймақтық ереуілдер, Форс-мажордың ықпалындағы Тараптың іс- әрекеттерінен сұралмаған, қолдау көрсетілмеген және туындамаған мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері кіреді;
e)	Форс-мажор не включает следующее: сценарии, описанные в Статье 26.1, экономические трудности, изменения условий рынка, задержка доставки или невыполнение Поставки, если они не вызваны Форс- мажором, забастовками или иными акциями работников, если они не являются общенациональными или региональными забастовками, неисполнение или задержка со	Форс-мажор мыналарды қамтымайды: 26.1-бапта сипатталған сценарийлер, экономикалық қиындықтар, нарық жағдайларының өзгеруі, егер олар Форс-мажор салдарынан, ереуілдерден немесе жұмыскерлердің өзге деакцияларынан туындамаса және де егер олар жалпыұлттық немесе өңірлік ереуілдер болып табылмаса Жеткізілімнің кешігуі немесе орындалмауы, егер мұндай іс-

	стороны Субпоставщиков, если такие действия не вызваны Форс-мажором, и неблагоприятные метеоусловия, которые являются нормальными в местности выполнения Поставки;	әрекеттер Форс-мажор салдарынан туындамаса, Қосалқы жеткізушілер тарапынан орындалмауы немесе кідіруі және Жеткізілімнің орындалатын жерінде қалыпты болып табылатын қолайсыз метеожағдайлар;
f)	Невыполнение обязательств не будет считаться вызванным Форс-мажором, если Сторона, объявляющая действие Форс-мажора, не направила надлежащим образом обоснованное Уведомление другой Стороне о начале Форс-мажора и ожидаемом сроке задержки в соответствии со Статьей 31.	Егер Форс-мажордың қолданылуын жариялаушы Тарап екінші Тарапқа Форс-мажордың басталуы және 31 -бапқа сәйкес күтілетін кідіріс мерзімі туралы тиісті түрде негізделген Хабарлама жібермесе, міндеттемелердің орындалмауы Форс-мажордан туындаған болып есептелмейді.

2 ТОЛКОВАНИЕ ДОГОВОРА / ШАРТТЫ ТҮСІНДІРУ

2.1	Следующие правила интерпретации применяются в отношении данного Договора Поставки, если специально не указано иное:	Егер арнайы өзгесі көрсетілмесе, осы Жеткізу шартына қатысты түсіндірудің мынадай ережелері қолданылады:
a)	Заголовки или названия разделов, статей, частей, пунктов или подпунктов, содержащиеся в настоящем Договоре Поставки, использованы только для ссылок и не влияют на значение или толкование настоящего Договора Поставки;	Осы Жеткізу шартындағы бөлімдердің, баптардың, бөліктердің, тармақтардың немесе тармақшалардың тақырыптары немесе атаулары тек сілтемелер үшін пайдаланылған және осы Жеткізу шартының мәніне немесе түсіндірілуіне әсер етпейді;
b)	Слова в единственном числе включают такие слова во множественном числе (если применимо по контексту) и наоборот;	Жеке түрдегі сөздер көпше түрді де білдіреді және керісінше (егер мәнмәтін бойынша қолданылатын болса);
c)	Слова в одном роде включают такие слова в другом роде	Жеке түрдегі сөздер көпше түрді де білдіреді және
d)	Если прямо не указано иное, существительные со значением времени (дни, месяцы, годы), указанные в настоящем Договоре Поставки, означают календарное время;	Егер тікелей басқа мағынасы көрсетілмесе, осы Жеткізу шартында көрсетілген уақыт мәні (күндер, айлар, жылдар)бар зат есімдер күнтізбелік уақытты білдіреді;
e)	В тех случаях, когда настоящий Договор Поставки требует совершения действия в течение или после периода времени, выраженного в днях, вслед за конкретным событием или датой, этот период означает полные дни и не включает день указанного события или день на указанную дату;	Осы Жеткізу шарты нақты оқиғадан немесе күннен кейін күндермен көрсетілген уақыт кезеңі ішінде немесе одан кейін іс-қимыл жасауды талап еткен жағдайларда, бұл кезең толық күндерді білдіреді және көрсетілген оқиға күнін немесе көрсетілген күнгі күнді қамтымайды;
f)	Если слово или фраза имеют определение, другие грамматические формы такого слова или фразы имеют соответствующее значение;	Егер сөздің немесе фразаның анықтамасы болса, мұндай сөздің немесе фразаның басқа грамматикалық формалары тиісті мағынаға ие болады;
g)	Если не указано иное, то ссылка на график, часть, статью,раздел, приложение-инструкцию, таблицу, или приложение относится к Графику, Части, Статье, Разделу, Таблице, Приложению-инструкции или Приложению к настоящему Договору Поставки;	Егер өзгеше көрсетілмесе, онда кестеге, бөлікке, бапқа, бөлімге, қосымша-нұсқаулыққа, кестеге немесе қосымшаға сілтеме Кестеге, Бөлікке, Бапқа, Бөлімге, Кестеге, Қосымша-нұсқаулыққа немесе осы Жеткізу шартының қосымшасына жатады;
h)	Ссылка на любую Сторону настоящего Договора Поставки или любое другое соглашение или документ включает преемника Стороны и разрешенных правопреемников;	Осы Жеткізу шартының кез келген Тарапына немесе кез келген басқа келісімге немесе құжатқа сілтеме Тараптың мирасқоры мен рұқсат етілген құқықтық мирасқорларын қамтиды;
i)	Ссылка на любое соглашение или документ относится к соглашению или документу с внесенными в него изменениями, изменениями сторон, дополнениями, вариативными изменениями, или документу, заменяемому в то или иное время, за исключением случаев, ограниченных/запрещенных настоящим Договором Поставки;	Кез келген келісімге немесе құжатқа сілтеме осы Жеткізу шартымен шектелген/тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, оған енгізілген өзгерістермен, тараптардың өзгерістерімен, толықтыруларымен, вариативті өзгерістерімен келісімге немесе құжатқа немесе белгілі бір уақытта ауыстырылатын құжатқа қатысты;
j)	Все размеры, количества и расчеты приводятся в метрической системе, кроме случаев, когда в явной форме предусмотрено иное;	Барлық өлшемдер, көлемдер мен есептеулер өзгеше қарастырылған жағдайларды қоспағанда, метрикалық жүйеде, нақты нысанда келтірілген;
k)	Ссылка на действия включает, без ограничения, любое бездействие, упущение, заявление или обязательство;	Әрекеттерге сілтеме шектеусіз кез-келген әрекетсіздікті, олқылықты, мәлімдемені немесе міндеттемені қамтиды;
l)	Лицо включает любое физическое или юридическое лицо, некорпоративное совместное предприятие, некорпоративный консорциум (ассоциацию) юридических лиц и любой государственный орган;	Тұлға кез келген жеке немесе заңды тұлғаны, корпоративтік емес бірлескен кәсіпорынды, заңды тұлғалардың корпоративтік емес консорциумын (қауымдастығын) және кез келген мемлекеттік органды қамтиды;
m)	Любой закон включает подзаконные акты, выпущенные в соответствии с ним, и включает этот закон и подзаконные акты с изменениями или дополнениями или, законы или акты, заменяющие их;	Кез келген заң өзіне сәйкес шығарылған заңға тәуелдіактілерді қамтиды және осы заңды және өзгерістері немесе толықтырулары бар заңға тәуелді актілердіқамтиды;
n)	Никакой отказ Покупателя от права требования в отношении нарушения настоящего Договора Поставки Поставщиком не является отказом от права требования в отношении любого последующего или продолжающегося нарушения Поставщиком.	Сатып алушының Жеткізушінің осы Жеткізу шартының бұзылуына қатысты талап ету құқығынан ешқандай бас тартуы Жеткізушінің кез келген кейінгі немесе жалғасқан бұзушылығына қатысты талап ету құқығынан бас тарту болып табылмайды.

3 ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА / ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1	Поставщик соглашается продать Товары и выполнить Поставку, а Покупатель соглашается купить Товары в соответствии с	Жеткізуші Тауарларды сатуға және Жеткізуді орындауға келіседі, ал Сатып алушы осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкес

	условиями данного Договора Поставки.	Тауарларды сатып алуға келіседі.
3.2	Поставщик обязан:	Жеткізушінің міндеттері:
a)	тщательно проверить все документы и прочую информацию, предоставленные Покупателем по Поставке Товаров; и	Тауарларды жеткізу бойынша Сатып алушы ұсынған барлық құжаттар мен басқа да ақпаратты мұқият тексеру;және
b)	полностью учесть все условия, риски, непредвиденные и прочие обстоятельства, которые могут повлиять на поставку Товаров, включая возможное колебание курсов валют, стоимости производственных ресурсов и условий в Пункте Поставки; и	валюталар бағамдарының ықтимал ауытқуын, өндірістік ресурстар құнын және Жеткізу орнындағы талаптарды қоса алғанда, тауарларды жеткізуге әсер етуі мүмкін барлық талаптарды, тәуекелдерді, күтпеген және өзге де мән-жайларды толық ескеру; және
c)	должным образом учесть это в Сумме, которая описана далее в Статье 5.	мұны кейінгі 5-бапта сипатталған бағамен дұрыс ескеру.

4 ПОЛНОТА ДОГОВОРА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫ

4.1	Детали Заказа, настоящие Общие условия закупа товаров, Приложения и Приложения-инструкции, содержащиеся в настоящем Договоре Поставки, а также условия, указанные в Статье 4.2 ниже, настоящим включаются в Договор Поставки и становятся его неотъемлемой частью (**Договор Поставки**).	Тапсырыс деректері, осы Тауарларды сатып алудың жалпы талаптары, осы Жеткізу шартында қамтылған Қосымшалар мен Нұсқаулық-қосымшасы, сонымен қатар төмендегі 4.2-бапта көрсетілген талаптар осы арқылы Жеткізу шартына енгізіледі және оның ажырамас бөлігі (**Жеткізу шарты**) болады.
4.2	В случае, если суть деталей Поставки, покрываемых последним коммерческим предложением или тендерной документацией, полученной Покупателем от Поставщика (**Коммерческое предложение**), не охватывается другими частями Договора Поставки (такими как технические спецификации, ключевые показатели эффективности, гарантии исполнения или гарантии заявленных показателей), такие детали Поставки в Коммерческом предложении считаются частью Договора Поставки в той мере, в которой они не противоречат другим положениям Договора Поставки.	Егер соңғы коммерциялық ұсыныста немесе Сатып алушы Жеткізушіден алған тендерлік құжаттамада (**Коммерциялық ұсыныс**) қамтылған Жеткізу деректерінің мәні Жеткізу шартының басқа бөліктерімен қамтылмаған жағдайда (техникалық ерекшеліктер, тиімділіктің негізгі көрсеткіштері, орындау кепілдіктері немесе мәлімделген көрсеткіштердің кепілдіктері сияқты), Коммерциялық ұсыныстағы Жеткізудің мұндай деректері Жеткізу шартының басқа ережелеріне қайшы келмейтін шамада Жеткізу шартының бір бөлігі болып есептеледі.
4.3	Договор Поставки представляет собой договоренность Сторон в отношении Поставки во всей полноте; и все предварительные переговоры, предложения, заверения, договора и письменные документы, относящиеся к Поставке или к предмету настоящего Договора Поставки (за исключением описанного в Статье 4.2 выше), заменяются настоящим Договором Поставки.	Жеткізу шарты Тараптардың Жеткізуге қатысты уағдаластығын білдіреді; және осы Жеткізу шартының Жеткізілуіне немесе мәніне қатысты барлық алдын ала келіссөздер, ұсыныстар, растаулар, шарттар және жазбаша құжаттар (жоғарыда 4.2-бапта сипатталғанды қоспағанда) осы Жеткізу шартымен ауыстырылады.
4.4	С учетом Статьи 4.2, никакая ссылка на ценовое предложение или тендерную заявку, или иное предложение Поставщика не подразумевает принятие каких-либо условий или положений, содержащихся в таком документе, если такой документ не является частью настоящего Договора Поставки. Никакие дополнительные условия, включаемые в любые счета/инвойсы, подтверждения или другую корреспонденцию, выдаваемую Поставщиком, не применимы к настоящему Договору Поставки даже в случае их подписания Покупателем.	4.2-бапты ескере отырып, баға ұсынысына немесе тендерлік өтінімге немесе Жеткізушінің өзге де ұсынысына ешбір сілтеме, егер мұндай құжат осы Жеткізу шартының бір бөлігі болып табылмаса, осындай құжатта қамтылған қандай да бір талаптарды немесе ережелерді қабылдауды білдірмейді. Жеткізуші беретін кез келген шоттарға/инвойстарға, растамаларға немесе басқа да хат-хабарламаға енгізілетін ешқандай қосымша талаптар Сатып алушы оларға қол қойған жағдайда да осы Жеткізу шартына қолданылмайды.
4.5	Условия настоящего Договора Поставки, Приложения-инструкции и Приложения к Договору Поставки по своему предназначению являются дополняющими и везде, где это возможно, толкуются в качестве взаимодополняющих документов. Вместе с тем, в случае любого противоречия, несоответствия, неясности смысла или непоследовательности между Деталями Заказа, Условиями и условиями любого Приложения-инструкции или Приложения, или иной составной части настоящего Договора Поставки, составные части настоящего Договора Поставки имеют следующий порядок приоритета от более высокого к более низкому:	Осы Жеткізу шартының, Нұсқаулық-қосымшалардың және Жеткізу шартына жасалған қосымшалардың талаптары өзінің мақсаты бойынша толықтырушы болып табылады және бұл мүмкін болған жерде өзара толықтыратын құжаттар ретінде түсіндіріледі. Сонымен бірге, Тапсырыс деректерінің, кез келген Нұсқаулық-қосымшаның немесе Қосымшаның талаптары мен шарттарының немесе осы Жеткізу шартының өзге де құрамдас бөлігінің арасындағы кез келген қайшылықтар, сәйкессіздіктер, мағынаның түсініксіздігі немесе сәйкессіздік жағдайында жоғарғыдан төменгіге қарай басымдықтың келесі тәртібі болады:
a)	Детали Заказа	Тапсырыс деректері
b)	Заказ на отгрузку Товара (при наличии)	Тауарды жөнелтуге тапсырыс (болған жағдайда)
c)	Особые положения и условия (при наличии)	Ерекше ережелер мен талаптар (болған жағдайда)
d)	Приложение А – Общие условия Договора Поставки	А-қосымшасы – Жеткізу шартының жалпы талаптары
e)	другие Приложения (при наличии)	басқа Қосымшалар (болған жағдайда)
f)	Приложения-инструкции:	Нұсқаулық-қосымша:
i	Приложение-инструкция 1.Инструкция по выставлению счетов	1-қосымша-нұсқаулық. Шоттарды ұсыну жөніндегі нұсқаулық
ii	Приложение-инструкция 2. Требования к Чертежам и Данным Поставщика (при наличии)	2-қосымша-нұсқаулық. Жеткізушінің Сызбаларына және Деректеріне қойылатын талаптар (болған жағдайда)
iii	Приложение-инструкция 3. Технические спецификации (при наличии)	3-қосымша-нұсқаулық. Техникалық ерекшеліктер (болған жағдайда)

iv	Приложение-инструкция 4. Инженерно-технические условия (при наличии)	4-қосымша-нұсқаулық. Инженерлік-техникалық талаптар (болған жағдайда)
v	Приложение-инструкция 5. Списки технических данных (при наличии)	5-қосымша-нұсқаулық. Техникалық деректердің тізімі (болған жағдайда)
vi	Приложение-инструкция 6. Запасные части для пусконаладки (при наличии)	6-қосымша-нұсқаулық. Іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер (болған жағдайда)
vii	Приложение-инструкция 7. Инструкции по упаковке, маркировке и отгрузке (Инструкции PM&S)	7-қосымша-нұсқаулық. Қаптау, таңбалау және тиеу жөніндегі нұсқаулық (PM&S нұсқаулық)
viii	Приложение-инструкция 8. Форма Упаковочного листа	8-қосымша-нұсқаулық. Қаптау парағының үлгісі
ix	Приложение- инструкция 9. Форма – Список крупных узлов оборудования (при наличии)	9-қосымша-нұсқаулық. Үлгі – Жабдықтың ірі тораптарының тізімі (болған жағдайда)
g)	Спецификации, чертежи и другие документы, указанные в Договоре Поставки (при наличии)	Жеткізу шартында көрсетілген ерекшеліктер, сызбалар және басқа да құжаттар (болған жағдайда)
h)	Детали поставки в Коммерческом предложении.	Коммерциялық ұсыныстағы жеткізу деректері.

5 СУММА ДОГОВОРА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ СОМАСЫ

5.1	Если иное не указано в Деталях Заказа или Особых Условиях, все ставки, цены, наценки и другие условия, которые формируют Сумму Договора Поставки, являются фиксированными и не подлежат корректировке в связи с увеличением или уменьшением стоимости рабочей силы, товаров, отгрузки, транспортировки, упаковки, обработки и другими изменениями или в связи с колебаниями валютных курсов. Сумма указана без учета НДС, если иное не указано в Деталях Заказа, и включает в себя следующее:	Егер Тапсырыс деректерінде немесе Ерекше талаптарда басқасы көрсетілмесе, Бағаны қалыптастыратын барлық мөлшерлемелер, бағалар, үстеме бағалар және басқа да талаптар бекітілген болып табылады және жұмыс күші, тауарлар, тиеп-жөнелту, тасымалдау, буып-түю, өңдеу құнының ұлғаюына немесе азаюына байланысты немесе валюта бағамдарының ауытқуларына байланысты түзетілмейді. Егер Тапсырыс деректерінде басқасы көрсетілмеген болса, сома ҚҚС-сыз көрсетіліп, келесілерді қамтиды:
a)	Все расходы, понесенные Поставщиком в отношении Поставки Товаров согласно Условиям Поставки, включая,без ограничений, все роялти и лицензионные сборы, стоимость транспортировки Товаров Покупателю, обеспечение техники безопасности, охраны труда,здоровья и защиты окружающей среды согласно Условиям Поставки;	Жеткізу талаптарына сәйкес Тауарларды Жеткізуге қатысты Жеткізуші жұмсаған барлық роялти мен лицензиялық алымдарды, салықтарды, Сатып алушыға Тауарларды тасымалдау құнын, Жеткізу талаптарына сәйкес қауіпсіздік техникасын, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді қоса алғандабарлық шығыстар;
b)	Налоги, обязательные платежи в бюджет, платы и сборы, Предусмотренные законодательством Республики Казахстан;	Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған салықтар, бюджетке міндетті төлемдер,алымдар;
c)	Запасные части для пусконаладки, включенные в Приложение-инструкцию 6;	6-Қосымша-нұсқаулыққа енгізілген іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер;
d)	Таможенные пошлины, акцизы и другие подобные сборы (любое снижение или возмещение таможенных пошлин или акцизов действует в пользу Покупателя) в соответствии с Условиями Поставки;	Жеткізу талаптарына сәйкес кедендік баждар, акциздер және басқа да осындай алымдар (кедендік баждарды немесе акциздерді кез келген төмендету немесе өтеу Сатып алушының пайдасына қолданылады);
e)	Расходы на проведение всех встреч, подготовку чертежей, документации, руководств по установке, проведение заводского осмотра, заводских испытаний, подготовку отчетов по испытаниям методом неразрушающего контроля, актов испытаний и справочников кодов, указанных в Договоре Поставки;	Барлық кездесулерді өткізуге, сызбаларды, құжаттаманы,орнату жөніндегі нұсқаулықтарды дайындауға, зауыттық қарап тексеруді, зауыттық сынақтарды жүргізуге, бұзбай бақылау әдісімен жасалған сынақтар бойынша есептерді, Жеткізу шартында көрсетілген сынақ актілері мен код анықтамалықтарын дайындауға байланысты шығыстар;
f)	Ни при каких обстоятельствах Поставщик не имеет права на дополнительную оплату в результате предпринятых имдействий, которые не соответствуют условиям Договора Поставки.	Жеткізушінің ешбір жағдайда өзі қабылдаған, Жеткізушартының талаптарына сәйкес келмейтін іс-әрекеттер салдарынан қосымша ақы алуға құқығы жоқ.

6 СРОКИ, ГРАФИК, ОТВЕТСТВЕННОСТЬ / МЕРЗІМДЕР, КЕСТЕ, ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1	Поставщик должен выполнить поставку Товаров в Пункт Поставки, в день Согласованной даты Доставки, указанной в Деталях Заказа или в Заказе на отгрузку. Поставка Товара по настоящему Договору поставки должна быть осуществлена Поставщиком в соответствии с условиями, указанными в Деталях Заказа или Заказе на отгрузку.	Жеткізуші Тауарларды Жеткізу орнына Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген Келісілген жеткізу күні жеткізуді орындауы тиіс. Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша Тауарды Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген талаптарға сәйкес жеткізуі тиіс.
6.2	Допускается досрочная поставка товаров	Тауарларды мерзімнен бұрын жеткізуге рұқсат етіледі.
6.3	Срок является существенной составляющей обязательств Поставщика. Поставщик направляет Покупателю незамедлительное Уведомление в любом случае не позднее 10 (десяти) календарных дней с момента наступления любого действия, события или условия, которые:	Мерзім Жеткізушінің міндеттемелерінің маңызды құрамдас бөлігіболып табылады. Жеткізуші Сатып алушыға кез келген іс-әрекет, оқиға немесе талаптар басталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей кез келген жағдайда дереу Хабарламажібереді, ол:
a)	по ожиданиям, приведут к задержке доставки; и/или	болжамдар бойынша жеткізу мерзімі кешіктірілетін; және / немесе
b)	могут дать Поставщику основания для запроса на корректировку Согласованной даты Доставки. В течение 10	Жеткізушіге Келісілген жеткізу күнін түзетуге сұрау салу үшін негіздеме бере алады. Жеткізуші Хабарлама берген сәттен бастап

	(десяти) календарных дней с момента предоставления Уведомления Поставщиком, он должен обосновать свою претензию информацией, протоколами и документацией, в разумных пределах необходимыми и удовлетворительными для Покупателя и подлежащими проверке Покупателем. Если Поставщик не предоставит Уведомление или подтверждающие документы в течение такого срока, Покупатель имеет право отказать в рассмотрении запроса Поставщика на любые корректировки Согласованной даты Доставки или компенсацию.	10 (он) күнтізбелік күн ішінде ол өзінің наразылығын Сатып алушының тексеруіне және Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын қажетті және қанағаттанарлық шекте ақпаратпен, хаттамалармен және құжаттамамен негіздеуі тиіс. Егер Жеткізуші осындай мерзім ішінде Хабарламаны немесе растайтын құжаттарды ұсынбаса, Сатып алушы Жеткізушінің Келісілген жеткізу күніне кез келген түзетулерді немесе өтемақыны қараудан бас тартуға құқылы.
6.4	Если Покупатель согласен на корректировку графика/Согласованной даты Доставки согласно Статье 20, то срок остается существенным условием в отношении продленных сроков.	Егер Сатып алушы 20-бапқа сәйкес кестеге/Келісілген жеткізу күніне түзету енгізуге келісімін берсе, онда мерзім ұзартылған мерзімдерге қатысты айтарлықтай талап болып қалады.
c)	После получения настоящего Договора Поставки, Поставщик обязан предоставить Уведомление Покупателю в случае, если какие-либо из Товаров подпадают под действие Законов, регулирующих Опасные материалы (включая их утилизацию), или любых других положений в области защиты окружающей среды,техники безопасности, охраны труда и здоровья.	Осы Жеткізу шартын алғаннан кейін, егер Тауарлардың кез келгені Қауіпті материалдарды (оларды кәдеге жаратуды қоса алғанда) реттейтін заңдардың немесе қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және денсаулық сақтау саласындағы кез келген басқа ережелердің ықпалына ұшырайтын болса,Жеткізуші Сатып алушыға хабарлама беруге міндетті.
d)	Относительно Опасных материалов Поставщик обязан предоставить все соответствующие паспорта безопасности химической продукции/вещества (MSDS), включая сертификаты отгрузки, инструкции по отгрузке, безопасности, обращению с Опасным материалом, воздействию и утилизации, в форме, достаточно ясной для неспециализированного персонала Покупателя и достаточно детальной для определения всех мер, которые пользователи и экспедиторские компании должны предпринять в отношении Опасных материалов.	Қауіпті материалдарға қатысты Жеткізуші химиялық өнімнің/заттың (MSDS) барлық тиісті қауіпсіздік паспорттарын, соның ішінде жөнелту сертификаттарын, Сатып алушының мамандандырылмаған қызметкерлеріне және пайдаланушылар мен экспедиторлық компанияларға арналған Қауіпті материалдарға қатысты қабылдауы тиіс барлық шараларды анықтау үшін жеткілікті толық үлгіде берілген қауіпті материалды жөнелту, қауіпсіздігі, өңдеу, әсер ету және кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулықтарды беруі тиіс.
e)	В Товарно-транспортной накладной и упаковочном листе должно быть сделано следующее подтверждение: *«Настоящим подтверждается, что вышеназванные изделия надлежащим образом классифицированы, описаны, упакованы, промаркированы, снабжены ярлыками и находятся в надлежащем состоянии для перевозки в соответствии с любыми применимыми правилами перевозки».*	Тауар-көлік жүкқұжатында және буып-түю парағында мынадай растау жасалуы тиіс: *«Осы арқылы жоғарыда аталған бұйымдардың тиісті түрде жіктелгені, сипатталғаны, буып-түйілгені, таңбаланғаны, жапсырмалармен жабдықталғаны және кез келген қолданылатын тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдау үшін тиісті жағдайда екендігі расталады».*
10.9	Поставки Частями: Поставщик не должен поставлять товары частями, если это не согласовано с Покупателем. Если согласовано, что Товары будут поставлены частями, то термин Товары в настоящем Договоре Поставки, когда это применимо, применяется к *«Поставкам Частями»*.	Бөліп жеткізу: Егер Сатып алушымен келісілмеген болса, Жеткізуші тауарларды бөліп жеткізбеуі керек. Егер Тауарлар бөліп жеткізілетіні туралы келісілсе, онда осы Жеткізу шартындағы Тауарлар термині, ол қолданылатын жерде «*Бөліп жеткізуге*» қолданылады.
10.10	Поставщик обязуется выполнить все требования Покупателя по технике безопасности касательно действий Поставщика в Пункте Поставки.	Жеткізу Сатып алушының Жеткізуші жеткізу пунктіндегі әрекеттеріне қатысты қауіпсіздік техникасы бойынша барлық талаптарын орындауға міндеттенеді.
10.11	Предоставление чертежей, данных, информации и руководств поэксплуатации (если применимо):	Сызбаларды, деректерді, ақпаратты және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды ұсыну (егер бар болса):
a)	Поставщик должен предоставить Покупателю все инженерные и другие данные (включая все технические данные), требуемые Договором Поставки для надлежащей(го) эксплуатации/использования, технического обслуживания, монтажа Товаров, в течение срока, указанного в Деталях Заказа, а также должен незамедлительно предоставить Покупателю копию каждого обновления любых ранее предоставленных данных, которые Поставщик предоставляет любому из своих клиентов.	Жеткізуші Сатып алушыға Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде Тауарларды дұрыс пайдалану/қолдану, техникалық қызмет көрсету,монтаждау үшін Жеткізу шартында талап етілетін барлықинженерлік және басқа деректерді (барлық техникалық деректерді қоса алғанда) ұсынуы тиіс, сондай-ақ Сатып алушыға Жеткізуші өз клиенттерінің кез келгеніне ұсынатын бұрын берілген кез келген деректердің әрбір жаңартылған көшірмесін дереу ұсынуы тиіс.
b)	Подробные чертежи и другие документы, указанные в Требованиях к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), предоставляются в соответствии с Приложением- инструкцией 1. Если в Деталях Заказа или Приложениях не указано иное, Согласованная(ые) дата(ы) Доставки VDDR должны совпадать с Согласованными датами Доставки Товаров.	Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR)қойылатын талаптарда көрсетілген егжей-тегжейлі сызбалар мен басқа да құжаттар 1-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес ұсынылады. Егер Тапсырыс деректерінде немесе Қосымшаларда басқасы көрсетілмесе, VDDR Жеткізудің келісілген күні (күндері) Тауарларды Жеткізудің келісілген күндеріне сәйкес келуі тиіс.
c)	Рассмотрение чертежей и других документов и их последующее утверждение Покупателем или Представителем Покупателя не освобождает Поставщика от ответственности за точность габаритных размеров, производительность, дизайн, детали дизайна, соответствие спецификациям и всем другим требованиям Договора Поставки. При любой неточности в данных производителя, которая приведет к тому, что Покупателю понадобится выполнить какие-либо дополнительные работы, стоимость таких работ будет взыскана с Поставщика.	Сатып алушының немесе Сатып алушы өкілінің сызбалар мен басқа құжаттарды қарауы және оларды кейіннен бекітуі Жеткізушіні жалпы өлшемдердің дәлдігі, өнімділігі, дизайны, дизайн бөлшектері, техникалық сипаттамаларға және Жеткізу шартының барлық басқа талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершіліктен босатпайды. Өндірушінің деректерінде кез-келген дәлсіздік болған жағдайда Сатып алушыға қосымша жұмыстарды орындау қажет болады, мұндай жұмыстардың құны Жеткізушіден өтеліп алынады.

11 ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ И РИСК СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ ИЛИ СЛУЧАЙНОГО ПОВРЕЖДЕНИЯ ТОВАРОВ / МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТАУАРДЫ КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫП АЛУ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАП АЛУ ТӘУЕКЕЛІ

11.1	Передача права собственности от Поставщика Покупателю на все Товары наступает на наиболее раннюю из следующих дат:	Барлық тауарларға меншік құқығын Жеткізушіден Сатып алушығаберу келесі күндердің алғашқы күнінен басталады:
a)	Передача владения; или	Иелену құқығын беру; немесе

b)	оплата Суммы (за вычетом удержания, разрешенного в соответствии со Статьями 6, 8 и 13.2), при том что Передача владения означает только физическое владение Товарами.	Соманы төлеу (6, 8 және 13.2-баптарға сәйкес рұқсат етілген ұстап қалуды шегергенде), бұл ретте Иелену құқығын беру Тауарларды тек жеке иеленуді білдіреді.
11.2	Настоящая Статья так же применима к Поставкам Частями и /илик частичной оплате Суммы за часть Товаров.	Осы Бап сонымен бірге Бөліп жеткізуге және/ немесе Тауардың бірбөлігі үшін Соманы ішінара төлеуге де қолданылады.
11.3	Поставщик обязан незамедлительно возместить за свой счет любые убытки или ущерб, каким бы образом они ни были причинены Товарам, до того, как риск случайной гибели или случайного повреждения перейдет к Покупателю в соответствии с Условиями Поставки. Риск случайной гибели или случайного повреждения по каждой позиции Поставки переходит к Покупателю в дату Передачи Владения. До момента перехода риска случайной гибели или риска случайного повреждения Товаров от Поставщика к Покупателю, Поставщик обязан за свой счет застраховать Товары на стоимость их полного восстановления и по требованию Покупателя предоставить ему соответствующий действующий страховой полис.	Жеткізуші кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізу талаптарына сәйкес Сатып алушыға өткенге дейін Тауарларға қандай да бір жолмен келтірілген кез келген залалды немесе зақымдануды дереу өз есебінен өтеуге міндетті. Әрбір Жеткізу позициясы бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға Меншік құқығын берген күні өтеді. Тауарлардың кездейсоқ жойылу қаупі немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізушіден Сатып алушыға ауысқанға дейін Жеткізуші өз есебінен тауарларды толық қалпына келтіру құнына сақтандыруға және Сатып алушының талабы бойынша оған тиісті қолданыстағы сақтандыру полисін беруге міндетті.
11.4	Если Поставщик устраняет дефекты в Товарах на Рабочей Площадке или увозит их с Рабочей Площадки для устранения дефектов, то риск случайной гибели или риска случайного повреждения по таким Товарам переходит к Поставщику, когда начинается работа по устранению дефектов или физическое владение Товарами переходит Поставщику, в зависимости от того, что происходит раньше, до тех пор, пока устранение дефектов на Рабочей Площадке не будет завершено или Товары не будут возвращены и безопасно переустановлены, в зависимости от применимости, после чего риск случайной гибели или риска случайного повреждения снова перейдет к Покупателю.	Егер Жеткізуші Тауарлардағы ақауларды Жұмыс алаңында жойса немесе ақауларды жою үшін оларды Жұмыс алаңынан алып кететін болса, онда мұндай Тауарлар бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі ақауларды жою бойынша жұмыс басталған кезде Жеткізушіге өтеді немесе Жұмыс алаңындағы ақауларды жою аяқталғанға дейін немесе Тауарлар қайтарылып, қауіпсіз қайта орнатылғанға дейін Тауарларға физикалық иелік ету Жеткізушіге өтеді, содан кейін олардың қолданылатынына байланысты кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға қайта өтетін болады.

12 ПРИЕМКА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУДІ ҚАБЫЛДАУ

12.1	Выдача Покупателем или его перевозчиком Сертификата Получения Груза Экспедитором (СПГЭ) или подписание Покупателем Акта доставки Товаров (Передача владения) подтверждает только передачу владения определенным количеством отправленных грузов и доставку/получение Товара в Пункте Поставки и не служит подтверждением того, что Поставка была осуществлена в полном соответствии с Договором Поставки.	Сатып алушының немесе оның тасымалдаушысының Экспедитордың жүкті алу сертификатын (ЭЖАС) беруі немесе Сатып алушының Тауарларды жеткізу актісіне қол қоюы (Иеленуді табыстау) жөнелтілген жүктердің белгілі бір санына иелік етуді және Тауарды Жеткізу пунктінде жеткізуді/алуды ғана растайды және Жеткізілімнің Жеткізу шартына сәйкес толық жүзеге асырылғанын растамайды.
12.2	Приемка Товара по **количеству** составляет 14 (четырнадцать) календарных дней с даты поставки Товара в Пункт Поставки, в течение которого Покупатель должен отправить Поставщику подтверждение или отчет об излишках/нехватке Товара (Акт несоответствия). Датой приемки Товара считается дата прибытия Товара, указанная в товарной накладной, заверенной печатью склада Покупателя.	**Саны** бойынша Тауарды қабылдау Тауарды Жеткізу пунктіне жеткізген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күнді құрайды, сол уақыт ішінде Сатып алушы Жеткізушіге Тауардың артық шығуы/жетпей қалуы туралы растауды немесе есепті (Сәйкессіздік актісін) жіберуге тиіс. Сатып алушының қоймасының мөрімен расталған тауар жүккжатында көрсетілген Тауардың келген күні Тауарды қабылдау күні болып есептеледі.
12.3	Если какие-либо Товары, поставленные Покупателю, не соответствуют спецификациям, указанным в Статьях 7, 8 и 9 (включая соответствие по полноте, ассортименту, качеству), или иным образом не соответствуют Условиям Договора Поставки (далее – «Товары, не соответствующие требованиям»), то, без ограничения любого другого права или средства защиты, предоставленных Покупателю согласно Договору, Покупатель обязан предоставить Поставщику Уведомление о дефектах, при этом Покупатель вправе:	Егер Сатып алушыға жеткізілген қандай да бір Тауарлар 7, 8 және 9-баптарда көрсетілген ерекшеліктерге (толықтығы, ассортименті, сапасы бойынша сәйкестікті қоса алғанда) сәйкес келмесе немесе Жеткізу шартының талаптарына (бұдан әрі – «Талаптарға сәйкес келмейтін тауарлар») басқаша түрде сәйкес келмесе, онда Шартқа сәйкес Сатып алушыға берілген кез келген басқа құқық немесе қорғау құралдарын шектеместен, Сатып алушы Жеткізушіге Ақаулар туралы хабарлама беруге міндетті, бұл ретте Сатып алушы төмендегілерге құқылы:
a)	отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика отремонтировать или заменить непринятые Товары за счет Поставщика в течение периода времени, согласованного Сторонами в письменном виде. В таком случае Поставщик обязан предпринять самые быстрые меры (включая, без ограничений, изъятие, вывоз, упаковку, транспортировку в обе стороны и повторную установку) для устранения дефектов или недостатков; или	мұндай Тауарлардан бас тартуға және Жеткізушіден Тараптар жазбаша түрде келіскен уақыт аралығында Жеткізушінің есебінен қабылданбаған тауарларды жөндеуді немесе ауыстыруды талап етуге. Мұндай жағдайда Жеткізуші ақауларды немесе кемшіліктерді жою үшін ең жылдам шараларды (алып қоюды, әкетуді, буып-түюді, екі жаққа тасымалдауды және қайта орнатуды қоса алғанда) қабылдауға міндетті; немесе
b)	отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика возмещения стоимости непринятых Товаров в полном объеме (независимо от того, требовал ли ранее Покупатель от Поставщика ремонт или замену непринятых Товаров) и забрать непринятый Товар с Рабочей Площадки до указанной даты. Дополнительно, в таком случае, Покупатель вправе выставить Поставщику счёт по затратам i) за ответственное хранение Товара с даты Уведомления о дефектах и до даты забора Товара Поставщиком из расчета 200,00 (двести) тенге за один квадратный метр с учётом НДС в сутки, и, ii) после указанной Покупателем даты, за обратную доставку или	мұндай тауарлардан бас тартуға және Жеткізушіден қабылданбаған Тауарлардың құнын толық көлемде өтеуді (Сатып алушы бұрын Жеткізушіден қабылданбаған Тауарларды жөндеуді немесе ауыстыруды талап еткеніне қарамастан) және қабылданбаған тауарды жұмыс алаңынан көрсетілген күнге дейін алуды талап етуге құқылы. Қосымша, мұндай жағдайда, Сатып алушы Жеткізушіге шығындар бойынша шот ұсынуға құқылы: i) ақаулар туралы хабарланған күннен бастап және Жеткізуші Тауарды алған күнге дейін ҚҚС-ны ескере отырып, тәулігіне бір шаршы метр үшін 200,00 (екі жүз) теңге есебінен және, ii) Сатып алушы көрсеткен күннен кейін, Сатып

	утилизацию Товара, организованную Покупателем (включая за применимые таможенные и налоговые расходы и платежи); и/или	алушы ұйымдастырған Тауарды кері жеткізу немесе кәдеге жарату үшін (қолданылатын кедендік және салықтық шығыстар мен төлемдерді қоса алғанда); және/немесе
c)	с учетом Статьи 22, воспользоваться средствами правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13.	22-бапты ескере отырып, 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарын пайдалануына болады.
12.4	В случае, если какие-либо скрытые дефекты обнаружены в процессе использования Товаров, которые не были обнаружены Сторонами в ходе приемки, Покупатель самостоятельно составляет соответствующий Отчет о скрытых дефектах и согласует с Поставщиком сроки и метод устранения таких скрытых дефектов. Любые дефекты Товаров должны быть устранены силами и за счет Поставщика. Если Поставщик не исправляет скрытый дефект в согласованный период времени и/или к удовлетворению Покупателя, Покупатель имеет право на средства правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13.	Егер қабылдау барысында Тараптар анықтай алмаған және Тауарларды пайдалану процесінде қандай да бір жасырын ақаулар анықталған жағдайда, Сатып алушы Жасырын ақаулар туралы тиісті есепті өз бетінше жасайды және Жеткізушімен осындай жасырын ақауларды жою мерзімдері мен әдісін келіседі. Тауарлардың кез келген ақаулары Жеткізушінің күшімен және есебінен жойылуы тиіс. Егер Жеткізуші келісілген уақыт кезеңінде жасырын ақауды түзетпесе және/немесе Сатып алушыны қанағаттандырмаса, Сатып алушы 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарына құқылы болады.
12.5	В случае недопоставки Поставщик обязан в течение согласованного периода времени после получения соответствующей претензии Покупателя и на усмотрение Покупателя:	Тауар жеткіліксіз жеткізілген жағдайда, Жеткізуші Сатып алушының тиісті талап-арызын алғаннан кейін және Сатып алушының қалауы бойынша келісілген уақыт кезеңі ішінде төмендегілерге міндетті:
a)	Поставить за счет Поставщика и с помощью ресурсов Поставщика (включая расходы по транспортировке) недостающие товары; или	Жеткізушінің есебінен және Жеткізуші ресурстарының көмегімен (тасымалдау жөніндегі шығыстарды қоса алғанда) жетіспейтін тауарларды жеткізуге; немесе
b)	Возместить Покупателю сумму оплаты за Товары соразмерно количеству недостающих позиций Товаров; или	Сатып алушыға Тауарлар үшін төлем сомасын Тауарлардың жетіспейтін позицияларының санына мөлшерлес өтеуге; немесе
c)	отозвать и изменить любой выданный, но неоплаченный счет-фактуру или оформить кредит-ноту на сумму недопоставленных Товаров и оформить соответствующую корректировку Договора Поставки путем Изменения в Договор Поставки.	кез келген берілген, бірақ төленбеген шот-фактураны кері қайтарып алуға және өзгертуге немесе жеткіліксіз жеткізілген Тауарлар сомасына кредит-нотаны ресімдеуге және Жеткізу шартын өзгерту арқылы Жеткізу шартына тиісті түзетуді ресімдеуге міндетті.
12.6	Все Товары, полученные сверх требований Договора Поставки, подлежат возврату Поставщику за счет Поставщика, включая расходы на таможенную очистку и НДС. В тех случаях, когда Товары поставлены в отдаленное местонахождение, и, по мнению Покупателя, затраты на их возврат являются чрезмерно высокими, то, без ограничения любых других прав или средств защиты, которые может иметь Покупатель, он имеет право совершить один из следующих шагов, уместных в конкретной ситуации:	Жеткізу шартының талаптарынан тыс алынған барлық Тауарлар, кедендік тазалау және ҚҚС шығыстарын қоса алғанда, Жеткізушінің есебінен Жеткізушіге қайтарылуы тиіс. Тауарлар алыс орналасқан жерге жеткізілген жағдайда және Сатып алушының пікірі бойынша оларды қайтару шығындары тым жоғары деп есептеген жағдайда, Сатып алушының кез-келген басқа құқықтары мен қорғану құралдарын шектеместен, ол нақты жағдайға сәйкес келетін төмендегі қадамдардың бірін жасауға құқылы:
a)	если излишние Товары могут быть обоснованно использованы Покупателем, то внести изменения в Договор Поставки посредством оформления Изменения в Договор Поставки, увеличив количество Товаров, для покрытия излишнего поступления, по тем же ценам и на тех же условиях, которые содержатся в Договоре Поставки при его заключении; или	егер артық Тауарларды Сатып алушы негізді түрде пайдалана алатын болса, онда тапсырысты жасаған кездегі Жеткізу шартындағы сол бағалар бойынша және сол талаптармен артық түсімді жабу үшін Тауарлардың санын көбейте отырып, Жеткізу шартына өзгерістер ресімдеу арқылы Жеткізу шартына өзгерістер енгізуге; немесе
b)	если излишние Товары не могут быть обоснованно использованы Покупателем, то утилизировать излишние Товары, предварительно уведомив об этом Поставщика. При этом, Поставщик не имеет права предъявлять к Покупателю какие-либо штрафные санкции или претензии, и обязуется возместить Покупателю расходы, понесенные им на таможенную очистку и НДС.	егер артық Тауарларды Сатып алушы негізді түрде пайдалана алмаса, онда бұл туралы Жеткізушіге алдын ала хабарлай отырып, артық Тауарды кәдеге жаратуға міндетті. Бұл ретте Жеткізушінің Сатып алушыға қандай да бір айыппұл санкцияларын немесе наразылықтарын ұсынуға құқығы жоқ және Сатып алушыға оның кедендік тазалауға және ҚҚС-ға жұмсаған шығыстарын өтеуге міндеттенеді.

13 ВОЗМЕЩЕНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ РАСХОДОВ / ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ

13.1	В случае, если после получения обоснованного Уведомления от Покупателя с требованием своевременно исполнить какую-либо часть Поставки и/или своевременно исправить/допоставить какие-либо Товары, не соответствующие требованиям, Поставщик не способен исполнить, не исполняет или отказался исполнить требования Покупателя, указанные в Уведомлении, Покупатель имеет право, в дополнение к любому другому праву, которое есть у Покупателя согласно настоящему Договору Поставки:	Егер Жеткізуші Сатып алушыдан Жеткізілімнің қандай да бір бөлігін уақытылы орындау және/немесе талаптарға сәйкес келмейтін қандай да бір Тауарларды уақытылы түзету/ толық жеткізу талабымен негізделген Хабарламаны алғаннан кейін Сатып алушының Хабарламада көрсетілген талаптарын орындай алмаса, орындамаса немесе орындаудан бас тартса, Сатып алушы Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушының кез-келген басқа құқығына қосымша құқылы:
a)	приобрести такие Товары из другого источника; или	осындай Тауарларды басқа көзден сатып алу; немесе
b)	исправить дефекты в Товарах или дополнить такую Поставку самостоятельно или с привлечением любого другого лица и непосредственно удержать или зачесть вытекающие затраты и расходы из Суммы Договора Поставки согласно настоящей Статье.	Тауарлардағы ақауларды түзету немесе осындай Жеткізілімді өз бетінше немесе кез келген басқа тұлғаны тарта отырып, толықтыру және осы Бапқа сәйкес Жеткізу шартының сомасынан туындайтын шығындар мен шығыстарды тікелей ұстап қалу немесе есепке алу.
13.2	Покупатель может вычесть из любых денежных средств, которые причитаются или становятся причитающимися Поставщику в соответствии с настоящим Договором Поставки и/или иными	Сатып алушы осы Жеткізу шартына немесе Жеткізушімен жасалған басқа келісімдерге сәйкес Жеткізушіге төленуге тиісті немесе төлеуге жататын кез келген ақшалай қаражаттан келесі

	соглашениями с Поставщиком, следующие суммы:	сомаларды ұстай алады:
a)	все задолженности и суммы к оплате Поставщиком в пользу Покупателя, включая дополнительные расходы, понесенные Покупателем для завершения Поставки или обеспечения альтернативной поставки, и другие расходы, понесенные Покупателем в результате нарушения Поставщиком Условий Договора Поставки, включая неустойки, описанные в Статье 6;	6-бапта сипатталған тұрақсыздық айыбын қоса алғанда, Жеткізуді аяқтау немесе баламалы жеткізуді қамтамасыз ету үшін шеккен қосымша шығыстарын және Жеткізушінің Жеткізу шартының талаптарын бұзуы нәтижесінде Сатып алушының шеккен басқа да шығыстарын қоса алғанда, Жеткізушінің Сатып алушының пайдасына төлейтін барлық берешектері мен сомалары;
b)	все затраты, расходы и штрафы, которые должны были быть оплачены или возмещены Поставщиком, но которыеПокупатель оплатил вместо Поставщика; и	Жеткізуші төлеуі немесе өтеуі тиіс, бірақ Сатып алушы Жеткізушінің орнына төлеген барлық шығындар, шығыстар мен айыппұлдар; және
c)	стоимость восстановления любых Товаров, не соответствующих требованиям, которые ниже стандарта, приемлемого для Покупателя; и	Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын стандарттан төмен талаптарға сәйкес келмейтін кез келген тауарларды қалпына келтіру құны; және
d)	без ограничения прав Покупателя в соответствии с любым из положений данных Условий, если Поставщик не выполнит любое из своих обязательств в соответствии с Договором Поставки, Покупатель, вправе уведомив Поставщика удержать из оплаты всю или часть любой суммы, подлежащей выплате Поставщику в соответствии с настоящим Договором Поставки и/или в соответствии сдругими соглашениями, заключенными с Поставщиком, пока данный вопрос не будет урегулирован к удовлетворению Покупателя.	егер Жеткізуші Жеткізу шартына сәйкес өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаса, Сатып алушы осы Талаптардың кез келген ережелеріне сәйкес Сатып алушының құқықтарын шектемей, Сатып алушы Жеткізушіге хабарлай отырып, осы Жеткізу шартына сәйкес және/немесе Жеткізушімен жасалған басқа келісімдерге сәйкес Жеткізушіге төленуге жататын кез келген соманың барлығын немесе бір бөлігін осы мәселені Сатып алушының қанағаттануы реттелгенге дейін төлемнен ұстап қалуға құқылы.
13.3	Поставщик, при подписании настоящего Договора Поставки подтверждает, что ознакомлен с условиями возможного удержания сумм, причитающихся Поставщику по настоящему Договору Поставки и иным соглашениям, заключенным с Покупателем, а также дает Покупателю свое согласие на такие удержания.	Жеткізуші осы Жеткізу шартына қол қойған кезде осы Жеткізу шарты және Сатып алушымен жасалған өзге де келісімдер бойынша Жеткізушіге тиесілі сомаларды ұстап қалу мүмкіндігінің талаптарымен танысқанын растайды, сондай-ақ Сатып алушыға осындай ұстап қалуға өзінің келісімін береді.
13.4	Если суммы удержания или зачета недостаточно для покрытия таких затрат и расходов, Покупатель оставляет за собой право выставить Поставщику счет-фактуру на суммы, подлежащие выплате, которые Поставщик обязан оплатить Покупателю в течение 10 (десяти) календарных дней после получения счета-фактуры от Покупателя.	Егер ұстап қалу немесе есепке жатқызу сомасы осындай шығындар мен шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Сатып алушы Жеткізушіге төленуі тиісті сомаға шот-фактура ұсыну құқығын өзіне қалдырады, оны Жеткізуші Сатып аулшыға шот-фактураны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлеуге міндетті.
13.5	В случае, если Покупатель выражает согласие на переуступку прав денежного требования по обязательствам, указанным в уведомлении о переуступке прав денежного требования, в отношении данных требований пункты настоящего Договора Поставки, касающиеся оплаты напрямую Поставщику, не действуют.	Егер Сатып алушы ақшалай талап ету құқығын қайта табыстау туралы хабарламада көрсетілген міндеттемелер бойынша ақшалай талап ету құқығын қайта табыстауға келісімін берсе, аталған талаптар бойынша осы Жеткізу шартының ақы төлеуге қатысты тармақтары тікелей Жеткізушіге қолданылмайды.
13.6	Поставщик может запросить переуступку прав денежного требования по настоящему Договору Поставки, при условии согласия Покупателя и предоставления Поставщиком соответствующего уведомления Покупателю, подписанного Поставщиком и соответствующей факторинговой компанией. При получении уведомления о переуступке прав денежного требования от Поставщика, Покупатель рассматривает его в течение 3 (трех) Рабочих Дней с даты его получения и предоставляет ответ (согласие или отказ).	Жеткізуші Сатып алушының келісімі болған жағдайда және Жеткізуші мен тиісті факторингтік компания қол қойған тиісті хабарлама Сатып алушыға берілген жағдайда, осы Жеткізу шарты бойынша ақшалай талап ету құқықтарын қайта табыстауды сұрата алады. Жеткізушіден ақшалай талап ету құқығының басқаға берілгені туралы хабарламаны алған кезде Сатып алушы оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды және жауап (келісім немесе бас тарту) береді.
13.7	Поставщик не имеет права требовать исполнения обязательств в части оплаты в случае переуступки прав денежного требования, совершенной согласно Статье 13.6.	Жеткізушінің 13.6-бапқа сәйкес жасалған ақшалай талап ету құқықтары қайта табысталған жағдайда төлем жасауға қатысты міндеттемелерді орындауын талап етуге құқығы жоқ.

14 СЧЕТА-ФАКТУРЫ И ПЛАТЕЖИ / ШОТ-ФАКТУРАЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР

14.1	Сроки оплаты: с учетом Статьи 13 и нижеследующих положений, Покупатель оплачивает Поставщику-резиденту Республики Казахстан стоимость каждой партии Товара в течение срока, указанного в Деталях Заказа, который начинается исчисляться от более поздней из дат:	Төлем мерзімдері: 13-бапты және төмендегі ережелерді ескере отырып, Сатып алушы Қазақстан Республикасының резидент-жеткізушісіне Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде Тауардың әрбір партиясының құнын төлейді, ол күндердің неғұрлым кешінен есептеле бастайды:
a)	дата получения Товара, которая отсчитывается от даты подписания уполномоченным лицом Покупателя накладной на отпуск Товара (включая Акт доставки Товаров или СПГЭ) и получения Покупателем оригинала указанных документов; или	Сатып алушының уәкілетті тұлғасы Тауарды босатуға арналған жүкқұжатқа (тауарларды жеткізу актісін немесе ЭЖАС-ты қоса алғанда) қол қойған және Сатып алушының көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын алған күннен бастап есептелетін Тауарды алған күн; немесе
b)	дата корректно выставленного электронного счет- фактуры (ЭСФ).	дұрыс ұсынылған электрондық шот-фактураның (ЭШФ) берілген күні.
14.2	Поставщик-резидент Республики Казахстан обязан выставить электронный счет-фактуру (ЭСФ) в адрес Покупателя в сроки и в порядке, установленном Налоговым законодательством Республики Казахстан.	Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті Қазақстан Республикасының Салық заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен Сатып алушының атына электрондық шот-фактураны (ЭШФ) ұсынуға міндетті.

14.3	В случае если Поставщиком-резидентом Республики Казахстан вовремя не выставлен корректный электронный счет-фактура, Покупатель вправе не оплачивать поставленные Товары до выписки электронного счета-фактуры.	Егер Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті дұрыс электронды шот-фактураны уақытылы ұсынбаса, Сатып алушы электронды шот-фактураны жазып бергенге дейін жеткізілген Тауар үшін төлем жасамауға құқылы.
14.4	Электронный счет-фактура должен содержать подробное описание товарно-материальных ценностей с указанием кода (в поле «Дополнительные данные» (графа 18 раздел G)), за которые он выставляется. НДС должен быть выделен.	Электрондық шот-фактурада тауар-материалдық құндылықтардың коды көрсетілген толық сипаттамасы болуы тиіс («Қосымша деректер» жолағында (G бөлімі 18-баған)). ҚҚС бөлініп көрсетілуі керек.
14.5	Поставщик-резидент Республики Казахстан обязуется оформлять электронный счет-фактуру в соответствии с требованиями действующего налогового законодательства Республики Казахстан. В каждом электронном счете-фактуре должна быть ссылка на номер настоящего Договора Поставки, БИН (ИИН), серию и номер свидетельства о постановке на учет по НДС, а также юридический адрес Покупателя. Оплата электронного счета-фактуры осуществляется только при условии, если он отвечает требованиям настоящего Договора Поставки и действующего налогового законодательства Республики Казахстан. Электронный счет-фактура, при оформлении которого Поставщиком не соблюдены указанные требования, подлежит возврату Поставщику. Поставщик соглашается, что в случае, если счет-фактура не отвечает вышеуказанным требованиям, его неоплата не может рассматриваться Поставщиком в качестве нарушения Покупателем обязательств по настоящему Договору Поставки и не может порождать применение в отношении Покупателя штрафных санкций, предусмотренных настоящим Договором Поставки.	Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті электрондық шот-фактураны Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімдеуге міндеттенеді. Әрбір электрондық шот-фактурада осы Жеткізу шартының нөміріне, БСН (ЖСН), ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы мен нөміріне, сондай-ақ Сатып алушының заңды мекенжайына сілтеме болуы тиіс. Электрондық шот-фактураны төлеу, егер ол осы Жеткізу шартының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына жауап берген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Жеткізуші ресімдеген кезде көрсетілген талаптарды сақтамаған электрондық шот-фактура Жеткізушіге қайтарылуға тиіс. Жеткізуші, егер шот-фактура жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келмесе, Жеткізуші оның төлемеуін Сатып алушының осы Жеткізу шарты бойынша міндеттемелерін бұзуы ретінде қарастыра алмайды және Сатып алушыға қатысты осы Жеткізу шартында көзделген айыппұл санкцияларын қолдануды туындата алмайды деп келіседі.
14.6	Счет-фактура должен соответствовать требованиям любых применимых местных законов о налогообложении, при этом любая дополнительная проверочная или подтверждающая документация, требуемая Покупателем в то или иное время, должна предоставляться Поставщиком по запросу Покупателя.	Шот-фактура салық салу туралы кез келген қолданылатын жергілікті заңдардың талаптарына сәйкес келуі тиіс, бұл ретте Сатып алушы қандай да бір уақытта талап ететін кез келген қосымша тексеру немесе растау құжаттамасын Жеткізуші Сатып алушының сұрауы бойынша ұсынуы тиіс.
14.7	Если Поставщик зарегистрирован в стране, являющейся членом ЕАЭС, с учетом Статьи 13, Покупатель оплачивает Поставщику стоимость каждой партии Товара в течение срока, указанного в Деталях Заказа, который начинает исчисляться от более поздней из дат:	Егер Жеткізуші ЕАЭО-ға мүше болып табылатын елде тіркелген болса, 13-бапты ескере отырып, Сатып алушы Жеткізушіге тауардың әрбір партиясының құнын төмендегі неғұрлым кейінгі күннен бастап есептелетін Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде төлейді:
a)	Дата получения Товара; или	Тауарды алған күні; немесе
b)	Даты получения полного перечня оригиналов следующих правильно оформленных документов:	Төмендегі дұрыс ресімделген құжаттарды түпнұсқаларының толық тізбесін алғаны күні:
i	Акт доставки Товаров или СПГЭ;	Тауарды жеткізу актісі немесе ЭЖАС;
ii	счет-фактура;	шот-фактура;
iii	упаковочный лист;	қаптау парағы;
iv	товарно-транспортную накладную (CMR); и	тауарлық-көлік жүккұжаты (CMR); және
v	талон о прохождении границы.	шекарадан өткені туралы талон.
14.8	Поставщик обязан предоставить детализацию крупных узлов Товара стоимостью 50 000,00 (пятьдесят тысяч) долларов США и более (или эквивалентно в другой валюте) и/или со сроком эксплуатации более 2 (двух) лет, по форме Приложения-инструкции 9.	Жеткізуші құны 50 000,00 (елу мың) АҚШ доллары немесе одан да көп (немесе басқа валютадағы баламалы) және/немесе пайдалану мерзімі 2 (екі) жылдан асатын Тауардың ірі тораптарының егжей- тегжейін 9-қосымша-нұсқаулық үлгісі бойынша ұсынуға міндетті.
14.9	Оплата поставленных Товаров производится по реквизитам, указанным в настоящем Договоре Поставки. Днем оплаты считается день списания денежных средств с банковского счета Покупателя.	Жеткізілген тауар үшін төлем осы Жеткізу шартында көрсетілген деректемелер бойынша жүргізіледі. Сатып алушының банктік шотынан ақша қаражаты есептен шығарылған күн төлем жасалған күн болып есептеледі.
14.10	<u>Споры:</u> Если Покупатель оспаривает какую-либо сумму, указанную в счете-фактуре, Покупатель обязан письменно известить об этом Поставщика не позднее 14 (четырнадцати) календарных дней после получения счета-фактуры и оплатить любые суммы, не оспариваемые в соответствии с настоящей Статьей 14.	<u>Даулар</u>: Егер Сатып алушы Шот-фактурада көрсетілген қандай да бір сомаға келіспесе, Сатып алушы Шот-фактураны алғаннан кейін 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл туралы Жеткізушіге жазбаша хабарлауға және осы 14-бапқа сәйкес келісілген кез келген соманы төлеуге міндетті.
14.11	Уплата любой суммы, являющейся предметом оспоренного счета-фактуры, в случае добровольно принятого Покупателем решения оплатить такую сумму, не должна рассматриваться как принятие оспоренной суммы или Ответственности за осуществление этого платежа.	Келіспеген шот-фактураның мәні болып табылатын кез келген соманы төлеу Сатып алушы осындай соманы төлеуге өз еркімен шешім қабылдаған жағдайда, келіспеген соманы қабылдау немесе осы төлемді жүзеге асырғаны үшін жауапкершілік ретінде қарастырылмауы тиіс.
14.12	Если по фактически полученной партии Товара счет-фактура оформлен некорректно, то датой, принимаемой для расчета по оплате, будет являться дата получения корректного счета-фактуры.	Егер Тауардың нақты алынған партиясы бойынша шот-фактура дұрыс ресімделмеген болса, онда төлем бойынша есептесу үшін қабылданатын күн дұрыс электрондық шот-фактураны алған күнболып табылады.
14.13	Оплата такого счета-фактуры будет приостановлена до урегулирования спора. Срок оплаты такого счета-фактуры начнется с даты, указанной в измененном счете-фактуре, либо с	Осындай шот-фактураны төлеу дауды реттегенге дейін тоқтатыла тұрады. Мұндай шот-фактураны төлеу мерзімі өзгертілген шот-фактурада көрсетілген күннен немесе шот-фактураның дұрыс

	даты, когда стало ясно, что счет-фактура является правильным. Покупатель не несет ответственности за просрочку платежа по спорным счетам-фактурам.	екені анықталған күннен басталады. Сатып алушы даулы шот-фактуралар бойынша төлем мерзімін кешіктіргені үшін жауап бермейді.
14.14	Возмещаемые позиции: В отношении любых возмещаемых позиций Поставщик должен предоставить Покупателю:	Өтелетін позициялар: Кез келген өтелетін позицияларға қатысты Жеткізуші Сатып алушыға төменде көрсетілгендерді беруі тиіс:
a)	Детализированный список позиций,подлежащих возмещению, включая, без ограничения, их описание, артикул (при наличии), количество, единицу измерения ицену за единицу или ставку; и	өтелуі тиіс позициялардың егжей-тегжейлі тізімі, олардың сипаттамасы, артикулы (бар болса), саны, өлшем бірлігі және бірлік немесе мөлшерлеме үшін бағаны қоса алғанда, шектеусіз; және
b)	полную документацию и квитанции, в соответствии с требованиями Покупателя; и	Сатып алушының талаптарына сәйкес толық құжаттама мен түбіртек; және
c)	предоставление документов для проведения аудита в течение 5 (пяти) лет с момента прекращения или истечения срока действия Договора Поставки в соответствии со Статьей 39.3.	39.3-бапқа сәйкес Жеткізу шартының қолданылу мерзімі тоқтатылған немесе аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде аудит жүргізу үшін құжаттарды ұсыну.
14.15	Оплата не считается приемкой Товаров: Произведенные платежи не являются подтверждением приемки Товаров, а представляют собой только оплату по счетам.	Жасалған төлем Тауарларды қабылдау болып есептелмейді: Жүргізілген төлемдер Тауарлардың қабылданғанын растау болып табылмайды, тек шоттар бойынша жасалған төлемді білдіреді.
14.16	Оплата Товаров, поставленных частями: Если Товары должны быть поставлены частями (Поставка Частями), в соответствии со Статьей 10, отдельная договоренность в отношении оплаты Суммы должна быть подтверждена и согласована Сторонами.	Бөліп жеткізілген Тауарларға төлем жасау: Егер тауарлар 10-бапқа сәйкес бөліп (Бөліп жеткізу) жеткізілуі тиіс болса, Соманы төлеуге қатысты жеке уағдаластық Тараптар арасында расталуы және келісілуі тиіс.
14.17	В случае включения банка Поставщика в санкционные списки, Поставщик обязан изменить банковские реквизиты для оплаты на реквизиты банка, не включенного в санкционные списки. При этом, Покупатель освобождается от ответственности за несвоевременную оплату Поставщику до момента устранения Поставщиком данного требования.	Жеткізушінің банкі санкциялық тізімдерге енгізілген жағдайда, Жеткізуші төлем жасау үшін банктік деректемелерді санкциялық тізімдерге енгізілмеген банктің деректемелеріне өзгертуге міндетті. Бұл ретте Сатып алушы Жеткізуші осы талапты жойған сәтке дейін Жеткізушіге уақытылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатылады.

15 ФИНАНСОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ / ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

15.1	Если авансовые или промежуточные платежи Поставщику производятся в соответствии с настоящим Договором Поставки, Поставщик соглашается предоставить оригинал безотзывного и безусловного резервного аккредитива или банковской гарантии в соответствии со Статьей 15.2 ниже, выданные в пользу Покупателя, на полную сумму подлежащих исполнению авансовых или промежуточных платежей (**«Финансовое обеспечение авансовых платежей»**).	Егер Жеткізушіге аванстық немесе аралық төлемдер осы Жеткізу шартына сәйкес жүргізілсе, Жеткізуші Сатып алушының пайдасына берілген төменде 15.2-бапқа сәйкес қайтарылмайтын және шартсыз резервтік аккредитивтің немесе банктік кепілдіктің түпнұсқасын орындауға жататын аванстық немесе аралық төлемдердің (**«Аванстық төлемдерді қаржылық қамтамасыз ету»**) толық сомасына беруге келіседі.
15.2	Такое обеспечение авансовых платежей осуществляется на следующих условиях:	Осындай аванстық төлемдерді қамтамасыз ету мынадай талаптармен жүзеге асырылады:
a)	оплачивается по предъявлению;	ұсыну бойынша төленеді;
b)	выдается в такой форме и в таком банке, которыеприемлемы и одобрены Покупателем;	Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын және мақұлдаған нысанда және банкте беріледі;
c)	оплачивается в валюте данного Договора Поставки; и	осы Жеткізу шартында көрсетілген валютада төленеді;және
d)	если иное не указано в Особых Условиях, действует дополной поставки Товара в соответствии с данным Договором Поставки.	егер Ерекше талаптарда басқасы көзделмесе, осы Жеткізу шартына сәйкес Таурады толық жеткізгенге дейін жарамды болады.
e)	Если банк Поставщика, который выпустил банковскую гарантию/аккредитив, войдет в список санкционных банков, Поставщик незамедлительно обязан заменить банковскую гарантию Покупателю. При этом проект банковской гарантии должен быть предварительно письменно согласован с Покупателем.	Егер банк кепілдігін/аккредитивін шығарған Жеткізушінің Банкі санкциялық банктер тізіміне енсе, Жеткізуші дереу Сатып алушыға банктік кепілдікті ауыстыруға міндетті. Бұл ретте банк кепілдігінің жобасы Сатып алушымен алдын ала жазбаша келісілуі тиіс.
15.3	Любые расходы, связанные с выпуском аккредитива или банковской гарантии, осуществляются за счет Поставщика.	Аккредитив немесе банк кепілдігін шығаруға байланысты кез келген шығыстар Жеткізушінің есебінен төленеді.

16 СОБЛЮДЕНИЕ НАЛОГОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА / САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ

16.1	Поставщик несет ответственность и должен своевременно выплачивать все налоги, налагаемые на Поставщика или его сотрудников в отношении настоящего Договора Поставки. В случае если в соответствии с законодательством Республики Казахстан Покупатель обязан удерживать какие-то налоги, то Покупатель вычитает соответствующие налоги из Суммы,	Жеткізуші осы Жеткізу шартына қатысты Жеткізушіге немесе оның қызметкерлеріне салынатын барлық салықтарды уақытылы төлеуге тиіс және жауапты болады. Егер Сатып алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандай да бір салықтарды ұстауға міндетті болса, онда Сатып алушы тиісті салықтарды Жеткізушіге тиесілі Сомадан шегереді.

	причитающейся Поставщику.	
16.2	Поставщик-резидент Республики Казахстан, обязан отражать все обороты по реализации Товаров Покупателю в своей налоговой отчетности по НДС в срок, установленный Налоговым Кодексом Республики Казахстан для представления в налоговый орган декларации по НДС, с учетом периода продления в соответствии с подпунктами 2), 3) пункта 3 статьи 212 Налогового Кодекса Республики Казахстан.	Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 212 бабының 3-тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес ұзарту кезеңін ескере отырып, ҚҚС бойынша декларацияны салық органына беру үшін ҚҚС бойынша өзінің салық жөніндегі есептілігінде Тауарларды Сатып алушыға сату бойынша жүргізілген барлық айналымдарды Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген мерзімде көрсетуге міндетті.
16.3	В случае если при проведении налоговой проверки по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату налоговыми органами, будет установлен факт сокрытия Поставщиком (или субпоставщиками Поставщика) или некорректного отражения оборотов по реализации в адрес Покупателя (или субпоставщиками Поставщика в адрес Поставщика), Поставщик обязан по требованию Покупателя в 1,5-кратном размере возместить Покупателю документально подтвержденные суммы НДС, исключенные из возврата в соответствии с требованиями Налогового Кодекса Республики Казахстан и подписать при этом соответствующий акт сверки взаиморасчетов.	Егер қайтаруға қойылған ҚҚС сомасынан асатын ақша сомасының дұрыстығын растау бойынша салық тексерісін жүргізу кезінде салық органдары Жеткізушінің (немесе Жеткізушінің қосалқы жеткізушілерінің) жасырғанын немесе Сатып алушының (немесе Жеткізушінің атына Жеткізушінің қосалқы жеткізушілерінің) атына сату бойынша айналымдарды дұрыс көрсетпеу фактісінанықтаған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушының талап етуі бойынша Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес құжатпен расталған қайтарудан шығарылған ҚҚС сомасын Сатып алушыға 1,5 еселенген мөлшерде өтеуге міндетті және бұл ретте тиісті өзара есеп айырысу актісіне қол қоюы тиіс.
16.4	При этом, основанием, свидетельствующем о неисполнении Поставщиком своих обязательств по декларированию сумм НДС, служат акты документальных налоговых проверок по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату.	Бұл ретте Жеткізушінің ҚҚС сомаларын мағлұмдау бойынша өзінің міндеттемелерін орындамауын куәландыратын негіздеме – қайтаруға қойылған ҚҚС сомасынан асатын ақша сомасының дұрыстығын растау бойынша құжаттық салықтық тексеру актілері болып табылады.
16.5	В случае, если сумма НДС была ранее возвращена из бюджета Республики Казахстан, но не подтверждена в последующем по результатам налогового контроля Республики Казахстан (т.е. Поставщик аннулировал, отозвал ранее выписанные электронные счета-фактуры), Поставщик-резидент Республики Казахстан, обязан по требованию Покупателя возместить сумму НДС и суммупени за каждый календарный день с даты возврата из бюджета в размере, указанном в пункте 4 статьи 104 Налогового Кодекса Республики Казахстан.	Егер ҚҚС сомасы бұрын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылған, бірақ кейіннен Қазақстан Республикасының салықтық бақылау нәтижелері бойынша расталмаған жағдайда (яғни Жеткізуші бұрын жазып берілген электрондық шот-фактуралардың күшін жойған, кері қайтарып алған), Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті Сатып алушының талабы бойынша Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 104-бабының 4-тармағында көрсетілген мөлшерде бюджеттен қайтарылған күннен бастап әрбір күнтізбелік күн үшін ҚҚС сомасын және өсімпұл сомасын өтеуге міндетті.
16.6	Поставщик-резидент Республики Казахстан, обязан соблюдать требования налогового законодательства Республики Казахстан в части обязательного оформления электронных сопроводительных накладных на товары (СНТ).	Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тауарларға арналған электрондық ілеспе жүккұжаттарды (ТІЖ) міндетті ресімдеу бөлігіндегі талаптарын сақтауға міндетті.
16.7	Поставщик заверяет и гарантирует на протяжении действия настоящего Договора Поставки, что:	Жеткізуші осы Жеткізу шартының қолданылу мерзімі ішінде келесілерді растайды және кепілдік береді:
a)	он и/или его контрагенты (подрядчики, поставщики), привлеченные для исполнения настоящего Договора, не включены в:	осы Шартты орындау үшін тартылған өзінің және/немесе өзінің контрагенттерінің (мердігерлерінің, жеткізушілерінің) жойылу кезеңінде емес екеніне:
i	списки неблагонадежных налогоплательщиков,	сенімсіз салық төлеушілердің тізіміне енгізілмегеніне,
ii	список налогоплательщиков, по которым приостановлена выписка электронных счетов-фактур,	Электрондық шот-фактураларды жазып беру тоқтатыла тұрған салық төлеушілердің тізімінеенгізілмегеніне,
iii	списки налогоплательщиков, по которым возвращены уведомления налоговых органов, размещенные на сайте Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан;	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында орналастырылған салық органдарыныңхабарламалары қайтарылған салық төлеушілердің тізіміне енгізілмегеніне;
b)	Им и (или) его контрагентами (подрядчиками,поставщиками) не совершены	Өзінің және/немесе өзінің контрагенттерінің (мердігерлерінің, жеткізушілерінің) келесі әрекеттердіжасамағанын:
i	сделки, признанные судом недействительными, и(или)	сот заңсыз деп таныған мәмілелерді, және (немесе)
ii	действия по выписке счета-фактуры и (или) иного документа без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров, признанные таковыми вступившим в законную силу судебным актом, и (или)	заңды күшіне енген сот актісінде іс жүзінде жұмыстар орындалмаған, қызметтер көрсетілмеген, тауарлартиелмеген деп танылған шот-фактураны және (немесе)өзге құжатты жазып беру бойынша іс-әрекеттерді, және (немесе)
iii	операции без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров с налогоплательщиком, руководитель и (или) учредитель (участник) которого не причастен к регистрации (перерегистрации) и (или) осуществлению финансово-хозяйственной деятельности такого юридического лица, установленные вступившим в законную силу решением суда.	басшысы және (немесе) құрылтайшысы (қатысушы) ондай заңды тұлғаны тіркеуге (қайта тіркеуге) және (немесе) қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қатысы жоқ салық төлеушімен іс жүзінде жұмыстарды орындамай, тауарларды тиеу қызметтерін көрсетпей, заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген операцияларды жүргізбегенін.
28.1	Стороны, от своего имени и от имени своих сотрудников, агентов и правопреемников, соглашаются:	Тараптар өз атынан және өзінің қызметкерлерінің, агенттерінің және құқықтық мирасқорларының атынан төмендегілерге келіседі:
a)	рассматривать в качестве конфиденциальной и защищенной правом собственности; и без предварительного письменного согласия другой Стороны в явной форме, при этом в таком согласии может быть отказано по любой причине,	құпия және меншік құқығымен қорғалған ретіндеқарастыру; және екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, бұл ретте мұндай келісімде кез келген себеппен бас тартылуы мүмкін,
b)	не раскрывать другим лицам в ходе исполнения настоящего Договора Поставки или после его исполнения, и	осы Жеткізу шартын орындау барысында немесеорындағаннан кейін де басқа тұлғаларға ақпаратты жарияламауға;
c)	не использовать, кроме как для целей выполненияПоставки,	Жеткізуді орындау мақсаттарынан басқа мақсатта пайдаланбауға,

i	любую информацию, будь то устную или письменную, содержащую любое описание любого характера (в явной форме, включая любую техническую информацию, эксперименты или данные) относительно планов, программ, Объектов, процессов, продукции, затрат, оборудования, производственных операций или заказчиков Покупателя или его Аффилированных лиц;	жоспарларға, бағдарламаларға, Объектілерге, процестерге, өнімдерге, шығындарға, жабдықтарға, өндірістік операцияларға немесе Сатып алушының тапсырыс берушілеріне немесе оның Үлестес тұлғаларына қатысты кез келген сипаттағы кез келген сипаттаманы (кез келген техникалық ақпаратты, эксперименттерді немесе деректерді қоса алғанда) қамтитын ауызша немесе жазбаша болсын кез келген ақпарат;
ii	все учетные записи, отчеты, данные и другую информацию, а также всю информацию, охраняемую авторским правом, предоставленную Сторонами, когда такая информация в явной форме указана Сторонами как конфиденциальная по своему характеру; которая могла стать известна Стороне или его сотрудникам, агентам или правопреемникам в ходе исполнения настоящего Договора Поставки (в совокупности именуемая как «Конфиденциальная информация»). Стороны обязаны предпринимать все необходимые договорные и иные меры предосторожности для предотвращения неуполномоченного раскрытия или использования Конфиденциальной информации.	барлық есепке алу жазбалары, есептер, деректер және басқа да ақпарат, сонымен қатар Тараптардың берген авторлық құқықпен қорғалатын барлық ақпараты, мұндай ақпаратты Тараптар өзінің сипаты бойынша құпия деп анық көрсеткен кезде; осы Жеткізу шартын орындау барысында Тарапқа немесе оның қызметкерлеріне, агенттеріне немесе құқықтық мирасқорларына белгілі болуы мүмкін (жиынтығында «Құпия ақпарат» деп аталады). Тараптар Құпия ақпаратты рұқсатсыз ашуды немесе пайдалануды болдырмау үшін барлық қажетті шарттық және өзге де сақтық шараларын қолдануға міндетті.
28.2	Вне зависимости от вышесказанного Конфиденциальная информация не включает никакую информацию, которая:	Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Құпия ақпарат:
a)	находится или должна была находиться у Стороны и не подлежит обязательствам о конфиденциальности до ее раскрытия в связи с Поставкой;	Тарапта болатын немесе болуы керек және Жеткізуге байланысты оны жариялағанға дейін құпиялылық туралы міндеттемелерге жатпайтын;
b)	становится публичной или иным образом доступной общественности не за счет какого-либо действия или бездействия Стороны при таких обстоятельствах, при которых общественность может использовать ее без каких-либо прямых или косвенных обязательств по обеспечению конфиденциальности перед Покупателем или его Аффилированными лицами; или	Сатып алушының немесе оның үлестес тұлғаларының алдындағы құпиялылықты қамтамасыз ету бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерсіз жұртшылық оны пайдалана алатын жағдайларда, Тараптың қандай да бір іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі есебінен жұртшылыққа жария немесе өзгеше түрде қолжетімді болатын; немесе
c)	приобретается Поставщиком у любой третьей стороны, законно владеющей такой информацией и не имеющей прямых или косвенных обязательств по обеспечению конфиденциальности перед Покупателем или его Аффилированными лицами в отношении такой информации.	Жеткізуші осындай ақпаратты заңды иеленетін және Сатып алушы немесе оның үлестес тұлғалары алдында осындай ақпаратқа қатысты құпиялылықты қамтамасыз ету бойынша тікелей немесе жанама міндеттемелері жоқ кез келген үшінші тараптан сатып алатын ақпаратты қамтымайды.
28.3	Поставщик признает, что Конфиденциальная информация может быть важным активом Покупателя или его Аффилированных лиц и что не существует адекватного средства правовой защиты в случае нарушения настоящей Статьи 28, при том что Покупателю или его Аффилированным лицам может быть нанесен непоправимый ущерб в результате такого нарушения.	Жеткізуші Құпия ақпараттың Сатып алушының немесе оның үлестес тұлғаларының маңызды активі болуы мүмкін екенін және Сатып алушыға немесе оның үлестес тұлғаларына осындай бұзушылық нәтижесінде орны толмас залал келтірілуі кезінде осы 28-бап бұзылған жағдайда барабар құқықтық қорғау құралының жоқ екенін мойындайды.
28.4	Вне зависимости от ограничений Статьи 28, Поставщик имеет право раскрывать Конфиденциальную информацию, если это требуется Законами, при условии, что в таких ситуациях в пределах возможного, Поставщик предоставит предварительное Уведомление Покупателю о таком раскрытии и конкретных подробностях касательно Конфиденциальной информации, которую требуется раскрыть	28-баптың шектеулеріне қарамастан, егер бұл Заңдармен талап етілсе, мұндай жағдайларда ықтимал шектерде Жеткізуші Сатып алушыға ашылуы талап етілетін құпия ақпаратқа қатысты осындай ашу және нақты егжей-тегжейлер туралы алдын ала Хабарлама берген жағдайда, Жеткізушінің Құпия ақпаратты ашуға құқығы бар.
28.5	Положения настоящей Статьи 28 применяются с учетом соответствующих изменений к Покупателю для защиты Конфиденциальной информации Поставщика и его Субпоставщиков, при условии, что любая информация и документы, полученные в соответствии с данным Договором Поставки, могут быть переданы и раскрыты Покупателем его Аффилированным лицам при условии, что такие Аффилированные лица соблюдают требования конфиденциальности.	Осы 28-баптың ережелері Сатып алушыға Жеткізушінің және оның Қосалқы жеткізушілерінің құпия ақпаратын қорғау үшін тиісті өзгерістерді ескере отырып, осы Жеткізу шартына сәйкес алынған кез келген ақпарат пен құжаттарды Сатып алушының осындай үлестес тұлғалар құпиялылық талаптарын сақтаған жағдайда оның үлестес тұлғаларына беруі және ашуы мүмкін болған жағдайда қолданылады.

29 ИНФОРМАЦИЯ В ОТКРЫТОМ ДОСТУПЕ / ҚОЛЖЕТІМДІ РЕСУРСТАҒЫ АҚПАРАТ

29.1	Поставщик не должен выдавать никакую информацию, новостные сообщения, рекламу, документы, фотографии или статьи, касающиеся Поставки, Рабочей Площадки или любой из Сторон, для публикации в любых средствах массовой информации или предоставления общественности без предварительного письменного согласия Покупателя. Поставщик должен прикладывать все разумные усилия для обеспечения того, чтобы его Субпоставщики соблюдали ограничения на публикацию, указанные в настоящем документе, и чтобы такие Субпоставщики не выдавали подобную информацию без предварительного письменного согласия Покупателя. Ограничения в настоящей Статье не применяются в случаях, предусмотренных Применимым Законодательством, при условии, что Поставщик предоставит	Жеткізуші Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе жұртшылыққа ұсыну үшін Жеткізуге, Жұмыс алаңына немесе Тараптардың кез келгеніне қатысты ешқандай ақпарат, жаңалық хабарламаларын, жарнама, құжаттар, фотосуреттер немесе мақалалар бермеуі тиіс. Жеткізуші өзінің Қосалқы жеткізушілерінің осы құжатта көрсетілген жарияланымға шектеулерді сақтауын және осындай Қосалқы жеткізушілердің Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз осындай ақпаратты бермеуін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерін пайдалануы тиіс. Жеткізуші Сатып алушыға Қолданыстағы заңнамада талап етілетін кез келген осындай жарияланым немесе кез келген осындай ашу туралы дереу (және

	Покупателю немедленное (и, если возможно, предварительное) Уведомление о любой такой публикации или любом таком раскрытии, требуемыми Применимым Законодательством.	егер мүмкін болса, алдын ала) хабарлама берген жағдайда, осы Баптағы шектеулер Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда қолданылмайды.

30 ПРАВА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ / ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

30.1	В случае, когда это применимо, Поставщик настоящим предоставляет Покупателю не эксклюзивное безотзывное право использовать Товары, включая любое установленное программное обеспечение, для эксплуатации и техобслуживания Объектов без какой-либо дополнительной оплаты.	Қолданылатын жағдайларда, Жеткізуші осы арқылы Сатып алушыға қандай да бір қосымша төлемсіз кез келген бағдарламалық жасақтаманы орнатуды қоса алғанда, Объектілерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін Тауарларды пайдалануға айрықша емес қайтарып алынбайтын құқық береді.
30.2	Поставщик заверяет и гарантирует, что, насколько известно Поставщику, исполнение Поставщиком настоящего Договора Поставки или Товары не нарушают патенты и какую-либо коммерческую тайну или другие права интеллектуальной собственности никакой третьей стороны и не вызывают возникновение Ответственности за какие-либо сборы или роялти, возникающие в связи с какими-либо патентами, коммерческой тайной или другими правами интеллектуальной собственности.	Жеткізуші өзіне қаншалықты белгілі болғандай Жеткізушінің осы Жеткізу шарты немесе тауарларға арналған тапсырысты орындауы ешқандай үшінші тараптың патенттерін және қандай да бір коммерциялық құпиясын немесе басқа зияткерлік меншік құқықтарын бұзбайтынына және қандай да бір патенттерге, коммерциялық құпияға немесе басқа зияткерлік меншік құқықтарына байланысты туындайтын қандай да бір алымдар немесе роялти үшін Жауапкершіліктің туындамайтынын растайды және кепілдік береді.
30.3	Поставщик обязан возместить Покупателю и каждому из его соответствующих представителей, должностных лиц, директоров, консультантов и сотрудников все убытки, потери и расходы, связанные с Ответственностью в случае нарушения заверения, описанного в Статье выше. Поставщику должны быть предоставлены надлежащие полномочия, информация и помощь (за счет Поставщика) для защиты его интеллектуальной собственности, с учетом права Покупателя участвовать за свой счет в любых действиях и полностью и заблаговременно получать информацию от Поставщика до совершения любых действий. Если Товары или любая их часть считаются нарушающими патенты, лицензии или любое право на использование или утилизацию или если продажа, или использование указанных Товаров или их частей запрещены, независимо от того, является ли такое определение окончательным решением, Поставщик должен за свой счет и с согласия Покупателя по абсолютному усмотрению Покупателя либо приобрести для Покупателя право использовать указанные Товары, либо заменить их по существу равными, но не нарушающими права Товарами (или их частью, если применимо); или вывезти указанные Товары и возместить Покупателю расходы на их покупку, транспортировку и установку.	Жеткізуші Сатып алушыға және оның тиісті өкілдерінің, лауазымды адамдарының, директорларының, кеңесшілері мен қызметкерлерінің әрқайсысына жоғарыдағы Бапта сипатталған растауды бұзған жағдайда Жауапкершілікпен байланысты барлық залалдарды, шығындар мен шығыстарды өтеуге міндетті. Жеткізушіге оның зияткерлік меншігін қорғау үшін, Сатып алушының өз есебінен кез келген іс-әрекеттерге қатысу құқығын ескере отырып, тиісті өкілеттіктер, ақпарат және көмек (Жеткізушінің есебінен) берілуі және кез келген іс-әрекет жасалғанға дейін Жеткізушіден ақпаратты толық әрі алдын ала алуы тиіс. Егер Тауарлар немесе олардың кез келген бөлігі патенттерді, лицензияларды немесе пайдалануға немесе кәдеге жаратуға кез келген құқықты бұзады деп есептелсе немесе егер аталған Тауарларды немесе олардың бөліктерін сатуға немесе пайдалануға тыйым салынса, мұндай айқындаудың түпкілікті шешім болып табылуына қарамастан, Жеткізуші өз есебінен және Сатып алушының келісімімен Сатып алушының толық қалауы бойынша немесе Сатып алушы үшін көрсетілген Тауарларды пайдалану құқығын сатып алу немесе оларды мәні бойынша тең, бірақ құқықты бұзбайтын Тауарларға (немесе егер қолданылатын болса, олардың бір бөлігімен) ауыстыруы тиіс; немесе көрсетілген тауарларды алып, Сатып алушыға оларды сатып алу, тасымалдау және орнату шығындарын өтейді.

31 УВЕДОМЛЕНИЯ / ХАБАРЛАМАЛАР

31.1	Все официальные уведомления, запросы, утверждения, согласования и договорная корреспонденция (**«Уведомления»**) должны оформляться в виде письма, подписанного Представителем отправляющей Стороны, и направляться Представителю другой Стороны в соответствии с настоящей Статьей 31. Каждая Сторона имеет право изменить свой адрес и электронные контактные данные путем отправки Уведомления об этом другой Стороне. Не ограничивая никакие другие полномочия, любое Уведомление, подписанное Представителем Стороны, считается должным образом, утвержденным данной Стороной.	Барлық ресми хабарламалар, сұратулар, бекітулер, келісулер және шарттық хат алмасулар (**«Хабарламалар»**) жіберуші Тараптың Өкілі қол қойған хат түрінде ресімделуі және осы 31-бапқа сәйкес екінші Тараптың Өкіліне жіберілуі тиіс. Әрбір Тарап бұл туралы екінші Тарапқа хабарлама жіберу арқылы өзінің мекенжайын және электрондық байланыс деректерін өзгертуге құқылы. Тараптың Өкілі қол қойған кез келген Хабарлама ешқандай басқа өкілеттікті шектемей, осы Тарап тиісті түрде бекіткен болып есептеледі.
31.2	Все Уведомления должны пересылаться каким-либо из следующих разрешенных способов:	Барлық Хабарламалар төменде көрсетілген рұқсат етілген тәсілдердің қандай да бірімен жіберілуі тиіс:
a)	личная доставка другой Стороне;	екінші Тарапқа қолма-қол жеткізу;
b)	в виде факса;	факс түрінде;
c)	по электронной почте при условии, что электронноесообщение содержит приложение в форме сканированного подписанного письма;	егер электрондық хабарламада сканерден өткізілген қол қойылған хат түріндегі қосымша болса, электрондық пошта арқылы;
d)	заказной почтой, с уведомлением о вручении и с запросомдаты получения; или	хаттың тапсырылғаны туралы хабарламасы бар жәнеалған күнін сұрату арқылы тапсырыс поштасымен; немесе
e)	экспресс-почтой (например, DHL, Federal Express и т.п.).	экспресс-пошта арқылы (мысалы, DHL, Federal Expressжәне т.б.).

31.3	Уведомления вступают в силу и считаются доставленными:	Хабарламалар келесі жағдайларда күшіне енген және жеткізілген болып саналады:
a)	в случае личной доставки, при вручении лично в руки;	жеке қолма-қол тапсырып, жеткізген жағдайда;
b)	в случае передачи с помощью факса или электронной почте, на дату, указанную в электронном подтверждении, если отправление доставлено в обычное рабочее время (с 9:00 утра до 6:00 вечера по местонахождению получателя), и, если отправление доставлено не в обычное рабочее время, то на следующий Рабочий День после доставки; или	факс немесе электрондық пошта арқылы жіберілген жағдайда, электрондық растауда көрсетілген күні, егер жөнелту әдеттегі жұмыс уақытында жеткізілсе (алушының орналасқан жері бойынша таңғы сағ. 9:00-ден кешкі 6:00-ге дейін) және егер жөнелту әдеттегі жұмыс уақытында жеткізілмесе, жеткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күні; немесе
c)	при отправке экспресс-почтой, на дату, заверенную подписью и отраженную в журнале доставки курьерской службы.	экспресс-поштамен жіберу кезінде, қолтаңбамен расталған және курьерлік қызметтің жеткізу журналында көрсетілген күні.
31.4	Все Уведомления, переданные в рамках данного Договора Поставки, должны строго соответствовать требованиям настоящей Статьи 31, при этом любое уведомление или извещение, отправленное другим адресатам или любым другим образом, недействительно и не считается Уведомлением согласно данному Договору Поставки. Ни при каких обстоятельствах устные договоренности или переписка по электронной почте не могут рассматриваться в качестве допустимого способа передачи Уведомлений, если электронное сообщение не содержит сканированного подписанного письма.	Осы Жеткізу шарты аясында берілген барлық Хабарламалар осы 31-баптың талаптарына қатаң сәйкес келуі тиіс, бұл ретте басқа адресаттарға немесе кез келген басқа жолмен жіберілген кез келген хабарлама немесе хабар жарамсыз және осы Жеткізу шартына сәйкес Хабарлама болып саналмайды. Егер электрондық хабарламада сканерден өткізілген қол қойылған хат болмаса, ешқандай жағдайда ауызша келісулер немесе электрондық пошта арқылы хат алмасу Хабарламаларды берудің рұқсат етілген тәсілі ретінде қарастырылмайды.
31.5	Вышеуказанная процедура для Уведомлений не применяется к обычной повседневной переписке между Сторонами, которая не представляет собой Уведомления и осуществляется по протоколируемой электронной почте.	Хабарламалар үшін жоғарыда көрсетілген рәсім Тараптар арасындағы хабарлама болып табылмайтын және хаттамаланатын электрондық пошта арқылы жүзеге асырылатын әдеттегі күнделікті хат-хабарларға қолданылмайды.

32 ДЕЛИМОСТЬ И ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ / БӨЛІНГІШТІК ЖӘНЕ ШЫНАЙЫЛЫҚ

32.1	В тех случаях, когда это возможно, каждое положение настоящего Договора Поставки толкуется таким образом, чтобы оно было действительно и имело силу согласно Законам. Если какое-либо положение настоящего Договора Поставки или его часть окажется недействительным(ой) или лишенным(ой) юридической силы, то такое положение или его часть должно быть исключено(а) из настоящего Договора Поставки в пределах такого запрета или юридической недействительности. При этом дух и цель всего Договора Поставки остаются неизменными, а оставшаяся часть обязательств, прав или положений Договора Поставки ни в коей мере не теряет своей применимости.	Мүмкін болған жағдайларда, осы Жеткізу шартының әрбір ережесі Заңдарға сәйкес оның шын мәнінде және күші болатындай етіп түсіндіріледі. Егер осы Жеткізу шартының қандай да бір ережесі немесе оның бөлігі жарамсыз немесе заңдық күшінен айырылған болса, онда мұндай ереже немесе оның бөлігі осындай тыйым салу немесе заңдық жарамсыздық шегінде осы Жеткізу шартынан алынып тасталуы тиіс. Бұл ретте Жеткізу шартының ерекшелігі мен мақсаты өзгеріссіз қалады, ал Жеткізу шартының міндеттемелерінің, құқықтарының немесе ережелерінің қалған бөлігі өзінің қолданылуын жоғалтпайды.

33 УСТУПКА ПРАВ И ИХ ДЕЛЕГИРОВАНИЕ / ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАБЫСТАУ

33.1	Поставщик не имеет права передавать свои права и обязательства по настоящему Договору Поставки без предварительного письменного согласия Покупателя, который по своему собственному усмотрению может предоставлять или не предоставлять такое согласие. Вне зависимости от вышесказанного, любая фактическая или предполагаемая уступка прав, поручительство, судебное дело, судебный иск, наложение ареста на имущество, наложение ареста на суммы, причитающиеся должнику от третьего лица, или право требования третьей стороной по отношению к правам Поставщика (включая права на суммы, которые подлежат оплате или в будущем будут подлежать оплате) согласно настоящему Договору Поставки дают Покупателю право принимать меры согласно Статье 26.	Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз беруге құқығы жоқ, ол өз қалауы бойынша мұндай келісімді бере алады немесе бермейді. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, осы Жеткізу шартына сәйкес кез келген нақты немесе болжамды құқықтарды беру, кепілгерлік, сот ісі, сот талабы, мүлікке тыйым салу, борышкерге үшінші тұлғадан тиесілі сомаларға тыйым салу немесе үшінші тараптың Жеткізушінің құқықтарына қатысты талап ету құқығы (төленуі тиіс немесе болашақта төленуге жататын сомаларға құқықтарды қоса алғанда) Сатып алушыға 26- бапқа сәйкес шаралар қолдану құқығын береді.
33.2	Покупатель имеет право передать свои права и обязательства по настоящему Договору Поставки своим соответствующим правопреемникам и цессионариям, а Поставщик настоящим дает согласие на любую такую уступку при условии, что Поставщику предоставлено Уведомление об уступке вместе с информацией об этой уступке, в разумной мере необходимой Поставщику.	Сатып алушы осы Жеткізу шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін өзінің тиісті құқықтық мирасқорларына және борышқорларына беру құқығын өзіне қалдырады, ал Жеткізуші осы арқылы Жеткізушіге қажетті қолайлы шамада осындай беру туралы ақпаратпен бірге Құқықтарды беру туралы хабарлама беру талабымен кез келген осындай құқытарын беруге келісім береді.

34 ПРИМЕНИМОЕ ПРАВО И ЯЗЫК / ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТІЛ

34.1	Настоящий Договор Поставки регулируется, толкуется и принудительно исполняется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.	Осы Жеткізу шарты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі, түсіндіріледі және мәжбүрлі түрде орындалады.
34.2	Вся переписка Сторон по настоящему Договору Поставки ведется на русском языке. Юридическая и финансовая документация ведется на русском языке.	Осы Жеткізу шарты бойынша Тараптардың барлық хат-хабарламалары орыс тілінде жүргізіледі. Заңды және қаржылық құжаттама орыс тілінде жүргізіледі.

34.3	В случае любого несоответствия между условиями Incoterms и настоящим Договором Поставки, условия Договора Поставки имеют преимущественную силу.	Incoterms шарттары мен осы Жеткіз шартының арасында кез келген сәйкессіздік болған жағдайда, Жеткізу шартының талаптары басым күшке ие болады.

35 РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ / ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

35.1	За исключением вопросов, требующих незамедлительного судебного запрета или аналогичных соразмерных средств судебной защиты, все разногласия, противоречия, Претензии, споры или другие вопросы, возникающие между Сторонами по настоящему Договору Поставки или относящиеся к нему в любой форме (**«Споры»**), разрешаются согласно настоящей Статье 35.	Дереу сот тыйымын немесе соттық қорғаудың ұқсас объективті құралдарын талап ететін мәселелерді қоспағанда, осы Жеткізу шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын немесе оған кез келген нысанда қатысты барлық келіспеушіліктер, қайшылықтар, Шағымдар, даулар немесе басқа да мәселелер (**"Даулар"**) осы 35-бапқа сәйкес шешіледі.
35.2	В случае какого-либо Спора, любая из Сторон имеет право направить Уведомление другой Стороне с указанием сути Спора,при этом применяются следующие положения:	Кез келген Даулы мәселе туындаған жағдайда кез келген Тарап Даудың мәнін көрсете отырып, екінші Тарапқа Хабарлама жіберуге құқылы, бұл ретте мынадай ережелер қолданылады:
a)	Стороны прикладывают все усилия для разрешения Спора путем переговоров в течение одного месяца;	Тараптар бір ай ішінде келіссөздер жүргізу арқылы Дауды шешу үшін барлық күш-жігерін салады;
b)	Если Спор не разрешен согласно процедурам, указанным в Статье 35.2 a), Спор передаеся на рассмотрение в судебные органы по месту нахождения Покупателя в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Стороны согласны с тем, что для разрешения Спора будет применяться процессуальное и материальное право Республики Казахстан. В ожидании решения суда, согласно настоящей Статье 35, Стороны должны продолжать исполнять и соблюдать свои соответствующие права и обязательства согласно настоящему Договору Поставки.	Егер дау 35.2(а)-бабында көрсетілген рәсімдерге сәйкес шешілмесе, Дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының орналасқан жері бойынша сот органдарына қаралуға жіберіледі. Тараптар мұндай дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының процессуалдық және материалдық құқығы қолданылатынымен келісті. Осы 35-бапқа сәйкес соттың шешімін күтуде Тараптар осы Жеткізу шарты бойынша өздерінің тиісті құқықтары мен міндеттемелерін орындауды және сақтауды жалғастырады

36 ЭКЗЕМПЛЯРЫ / ДАНАЛАР

36.1	Настоящий Договор Поставки составлен на русском и казахском языках, в двух экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, из которых один экземпляр передаётся Покупателю, один экземпляр Поставщику. В случае противоречий между версиями Договора, версия Договора на казахском языке имеет преимущественную силу.	Осы Жеткізу шарты заңды күші бірдей, орыс және қазақ екі данада жасалған, оның бір данасы Сатып алушыға, бір данасы Жеткізушіге беріледі. Шарттың нұсқалары арасында қарама-қайшылық болған жағдайда Шарттың қазақ тіліндегі нұсқасының күші басым болады.
36.2	Настоящий Договор Поставки приобретает обязательную юридическую силу после его подписания обеими Сторонами. При подписании настоящего Договора и относящихся к нему документов Стороны допускают возможность использования средств факсимильного копирования подписи (факсимиле). Договор, подписанный с использованием факсимильной копии подписи, признается Сторонами действительным и имеющим обязательную силу для Сторон. Экземпляры могут быть факсимильными или отсканированными электронными версиями оригиналов при условии, что Сторона, пересылающая такой экземпляр по факсу или электронной почте, отправит оригинал документа другой Стороне в течение последующих 5 (пяти) календарных дней.	Осы Жеткізу шарты оған екі Тарап қол қойғаннан кейін міндетті заңды күшке ие болады. Осы Шартқа және оған қатысты құжаттарға қол қою кезінде Тараптар қолды факсимильді көшіру құралдарын (факсимиле) пайдалану мүмкіндігіне рұқсат береді. Қолдың факсимильді көшірмесін пайдалана отырып қол қойылған Шартты Тараптар жарамды және Тараптар үшін міндетті күші бар деп таниды. Мұндай дананы факс немесе электрондық пошта арқылы жіберетін Тарап құжаттың түпнұсқасын келесі 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа жіберген жағдайда, даналар түпнұсқалардың факсимильді немесе сканерден өткізілген электрондық нұсқалары болуы мүмкін.

37 ФОРС-МАЖОР / ФОРС-МАЖОР

37.1	Сведения об обстоятельствах Форс-мажора должны быть подтверждены соответствующим документом, выданным уполномоченным государственным органом или уполномоченной им организацией. Если какое-либо событие или обстоятельство Форс-мажора препятствует и будет препятствовать какой-либо из Сторон в надлежащем исполнении своих обязательств по настоящему Договору Поставки, такая Сторона должна предоставить Уведомление об этом другой Стороне как можно скорее, но не позднее 10 (десяти) календарных дней после наступления такого события или обстоятельства Форс-мажора, с достаточно подробной информацией и указанием вероятного срока предполагаемой задержки выполнения своих обязательств, после чего обязательства Сторон приостанавливаются в той мере, в какой это необходимо в силу обстоятельств Форс-мажора, при этом ни одна из Сторон не несет ответственности перед другой Стороной за любое невыполнение или задержку выполнения таких обязательств. Событие Форс-мажора не является основанием для	Форс-мажордың мән-жайлары туралы мәліметтер уәкілетті мемлекеттік орган немесе ол уәкілеттік берген ұйым берген тиісті құжатпен расталуы тиіс. Егер Форс-мажордың қандай да бір оқиғасы немесе мән-жайы қандай да бір Тарапқа осы Жеткізу шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындауға кедергі келтірсе және кедергі келтіретін болса, мұндай Тарап бұл туралы жеткілікті түрде егжей-тегжейлі ақпаратты және өз міндеттемелерін орындауды болжамды кешіктірудің ықтимал мерзімін көрсете отырып, екінші Тарапқа хабарламаны мүмкіндігінше тезірек, бірақ осындай оқиға немесе Форс-мажор мән-жайы басталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруі тиіс, осыдан кейін Тараптардың міндеттемелері Форс-мажор мән-жайларына байланысты қажетті шамада тоқтатыла тұрады, бұл ретте Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдында осындай міндеттемелерді кез келген орындамағаны немесе орындауды кідірткені үшін жауапты болмайды. Форс-мажор оқиғалары Соманың қандай да бір ұлғаюы

	какого-либо увеличения Суммы.	үшін негіз болып табылмайды.
37.2	Сторона, объявляющая Форс-мажор, должна известить другую Сторону о прекращении действия Форс-мажора в течение 5 (пяти) календарных дней после прекращения его действия. В течение не более 5 (пяти) календарных дней после направления уведомления о прекращении действия Форс-мажора, Сторона, объявлявшая Форс-мажор, должна предоставить все подробности воздействия данного случая на ее обязательства в соответствии со Статьей 20.	Форс-мажор жағдайлары туралы хабарлаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар тоқтағаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Форс-мажор жағдайларының тоқтағаны туралы хабарлауы тиіс. Форс-мажор жағдайларының тоқтағаны туралы хабарлама жіберілгеннен кейін күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзім ішінде Форс-мажор жариялаған Тарап 20-бапқа сәйкес осы жағдайдың оның міндеттемелеріне тигізген әсері туралы толық ақпарат ұсынуы тиіс.
37.3	Если исполнение настоящего Договора Поставки приостановлено в связи с событием Форс-мажора на срок, превышающий 60 (шестьдесят) календарных дней, любая Сторона имеет право расторгнуть настоящий Договор Поставки или отказаться от него (отказ от договора) посредством письменного Уведомления. В случае такого расторжения/отказа Покупатель оплачивает Поставщику часть Поставки, выполненной до расторжения/отказа, в соответствии со Статьей 27.	Егер осы Жеткізу шартының орындалуы Форс-мажор оқиғасына байланысты 60 (алпыс) күнтізбелік күннен асатын мерзімге тоқтатылса, кез келген Тараптың жазбаша Хабарлама жіберу арқылы осы Жеткізу шартын бұзуға немесе оны орындаудан бас тартуға (шарттан бас тарту) құқығы бар. Осындай бұзылған/бас тартқан жағдайда Сатып алушы Жеткізушіге 27-бапқа сәйкес бұзылған/бас тартқан сәтке дейін орындалған Жеткізілімнің бөлігін ғана төлейді.

38 ОТКАЗ ОТ ПРАВ / ҚҰҚЫҚТАРДАН БАС ТАРТУ

38.1	Если какая-либо из Сторон: i) не настояла на исполнении другой Стороной какого-либо положения, условия или обязательства или ii) не воспользовалась каким-либо правом согласно настоящему Договору Поставки, или iii) не отказалась от какого-либо права ссылаться на нарушение, такое действие или бездействие не является отказом такой Стороны от любого такого положения, условия, обязательства, указаний, и/или любого права.	Егер қандай да бір Тарап: i) екінші Тараптың қандай да бір ережені, талапты немесе міндеттемені орындауын талап етпесе немесе ii) осы Жеткізу шартына сәйкес қандай да бір құқықты пайдаланбаса немесе iii) бұзушылыққа сілтеме жасау құқығынан бас тартпаса, мұндай әрекет немесе әрекетсіздік мұндай Тараптың кез келген осындай ережеден, талаптан, міндеттемеден, нұсқаулардан және/немесе кез келген құқықтан бас тартуы болып табылмайды.
38.2	Отказ от любого права любой из Сторон, на который ссылается другая Сторона, не является действительным, кроме случаев, когда такой отказ оформлен в письменном виде, подписан отказывающейся Стороной и указывает объем и содержание прав относительно которых совершается отказ.	Басқа Тарап сілтеме жасайтын Тараптардың кез келгенінің кез келген құқығынан бас тарту, мұндай бас тарту жазбаша түрде ресімделген, бас тартатын Тарап қол қойған және бас тарту жасалатын құқықтардың көлемі мен мазмұнын көрсететін жағдайларды қоспағанда, жарамды болып табылмайды.

39 ДОКУМЕНТАЦИЯ И ПРАВО НА АУДИТ / ҚҰЖАТТАМА ЖӘНЕ АУДИТ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

39.1	Поставщик обязан хранить копию записей и учетной документации, связанной с Поставкой согласно настоящему Договору Поставки, включая переписку, указания, договора субподрядов, договоры поставки и соответствующие изменения в Договор Поставки, переданные документы, учетные записи по испытаниям и приказы на их проведение, протоколы собраний, акты приема-передачи документов, планы, чертежи, спецификации, книги, бухгалтерские счета, квитанции, поручительства и другие записи с любыми описаниями, связанными с настоящим Договором Поставки **(«Документация по Договору Поставки»)**.	Жеткізуші осы Жеткізу шартына сәйкес хат алмасуды, нұсқауларды, қосалқы мердігерлік шарттарды, жеткізу шартын және жеткізу шартына енгізілген тиісті өзгерістерді, берілген құжаттарды, сынақтар бойынша есеп жазбаларын және оларды жүргізуге арналған бұйрықтарды, жиналыс хаттамаларын, құжаттарды қабылдау-тапсыру актілерін, жоспарларды, сызбаларды, ерекшеліктерді, кітаптарды, бухгалтерлік шоттарды, түбіртектерді, кепілгерліктерді және осы Жеткізу шартына байланысты кез келген сипаттамасы бар басқа да жазбаларды **(«Жеткізу шарты бойынша құжаттама»)** қоса алғанда Жеткізуге байланысты жазбалар мен есепке алу құжаттамасының көшірмесін сақтауға міндетті.
39.2	В отношении бухгалтерской отчетности, Поставщик должен вести достоверный, правильный и полный учет, включая бухгалтерские книги и счета, подготовленные в соответствии с общепринятыми принципами бухгалтерского учета, последовательно применяемыми в отношении затрат и расходов, за которые Поставщик требует возмещения по настоящему Договору Поставки, включая время, затраченное Поставщиком, и все счета-фактуры и любые платежи, относящиеся к Субпоставщикам или иным образом необходимые для надлежащего финансового управления в соответствии с настоящим Договором Поставки. В такой учетной документации должны быть подробно отражены все учтенные затраты.	Жеткізуші бухгалтерлік есептілікке қатысты Жеткізуші жұмсаған уақытты және Қосалқы жеткізушілерге жататын немесе осы Жеткізу шартына сәйкес тиісті қаржылық басқаруды жүргізу үшін өзге де түрде қажетті барлық шот-фактуралар мен кез келген төлемдерді қоса алғанда, Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша өтеуді талап ететін шығындар мен шығыстарға қатысты дәйекті қолданылатын, бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес дайындалған бухгалтерлік кітаптар мен шоттарды қоса алғанда, шынайы, дұрыс және толық есепке алуды жүргізуі тиіс. Мұндай есептік құжаттамада барлық есепке алынған шығындар толық көрсетілуі тиіс.
39.3	При условии предварительного Уведомления об аудите или проверке не менее чем за 48 (сорок восемь) часов до их начала, вся Документация по Договору Поставки должна быть доступна для такого аудита и проверки Покупателем или назначенными им представителями в обычное рабочее время по месту нахождения таких учетных записей в период исполнения настоящего Договора Поставки, а также в течение 5 (пяти) лет, следующих за расторжением/отказом или исполнением настоящего Договора Поставки, при условии, что Покупатель не имеет права проводить аудит никаких фиксированных тарифов, согласованных процентных коэффициентов или общих фиксированных сумм. Поставщик как можно скорее предоставляет данные или информацию, запрошенные Покупателем или его представителями, в том числе в электронной форме.	Аудит немесе тексеру туралы олар басталғанға дейін кемінде 48 (қырық сегіз) сағат бұрын алдын ала Хабарлама берілген жағдайда, Жеткізу шарты бойынша барлық құжаттама Сатып алушының немесе ол тағайындаған өкілдердің осы Жеткізу шартын орындау кезеңінде осындай есепке алу жазбаларының орналасқан жері бойынша әдеттегі жұмыс уақытында осындай аудит және тексеру үшін, сонымен қатар Сатып алушының ешқандай тіркелген тарифтерге, келісілген пайыздық коэффициенттерге немесе жалпы бекітілген сомаларға аудит жүргізуге құқығы жоқ деген талаппен, осы Жеткізу шарты бұзылғаннан/бас тартқаннан немесе орындалғаннан кейінгі 5 (бес) жыл ішінде қолжетімді болуы тиіс. Жеткізуші Сатып алушының немесе оның өкілдерінің сұраған

		деректерді немесе ақпаратты, оның ішінде электрондық нысанда мүмкіндігінше тезірек ұсынады.

40 ПЕРЕМАНИВАНИЕ СОТРУДНИКОВ / ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚЫЗЫҚТЫРЫП ТАРТУ

40.1	Стороны согласны консультироваться по вопросам привлечения, перевода или увольнения сотрудников, которые, работая на одну Сторону, желают перейти на работу к другой Стороне. В течение Срока действия настоящего Договора Поставки, бывший сотрудник одной из Сторон, в отсутствие разрешения на то от Стороны, являющейся или являвшейся его работодателем, не может быть принят на работу или нанят другой Стороной в течение 12 (двенадцати) месяцев с момента увольнения.	Тараптар бір Тарапқа жұмыс істей отырып, екінші Тарапқа жұмысқа ауысқысы келетін қызметкерлерді тарту, ауыстыру немесе жұмыстан шығару мәселелері бойынша кеңесуге келіседі. Осы Жеткізу шартының қолданылу мерзімі ішінде Тараптардың бірінің бұрынғы қызметкері өзінің жұмыс берушісі болып табылған немесе болып табылатын Тараптың рұқсаты болмаған жағдайда жұмыстан босатылған кезден бастап 12 (он екі) ай ішінде екінші Тарап оны жұмысқа қабылдай немесе жалдай алмайды.
40.2	Поставщик согласен консультироваться с другими поставщиками или подрядчиками Покупателя в случае найма, перевода или увольнения сотрудника, который задействован в предоставлении товаров или услуг Покупателю и желает перейти от нынешнего работодателя на работу к Поставщику.	Жеткізуші Сатып алушыға тауарлар немесе қызметтер көрсетуге тартылған және қазіргі жұмыс берушіден Жеткізушіге жұмысқа ауысқысы келетін қызметкерді жалдау, ауыстыру немесе жұмыстан шығару жағдайында Сатып алушының басқа жеткізушілерімен немесе мердігерлерімен кеңесуге келіседі.

41 ПОЛОЖЕНИЯ О ПРОТИВОДЕЙСТВИИ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВУ И КОРРУПЦИИ / ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

41.1	Каждая Сторона (данный термин для целей настоящих положений включает всех работников, агентов, представителей, аффилированных лиц каждой из Сторон, а также других лиц, привлекаемых ими или действующих от их имени) соглашается, что она не будет в связи с товарами (работами, услугами), поставляемыми (оказываемыми) по настоящему Договору, давать или пытаться давать взятки (включая, без ограничения, любые формы оплаты, подарки и прочие имущественные выгоды, вознаграждения и льготы (в виде денег или любых ценностей) другой Стороне, ее работникам, агентам, представителям, потенциальным клиентам, аффилированным лицам, а также другим лицам, привлекаемым другой Стороной или действующим от ее имени, государственным служащим, межправительственным организациям, политическим партиям, частным лицам и прочим сторонам (**«Вовлеченные стороны»**).	Әр Тарап (бұл термин осы ережелердің мақсаттары үшін барлық қызметкерлерді, агенттерді, өкілдерді, әр Тараптың үлестес тұлғаларын, сондай-ақ олар тартатын немесе олардың атынан әрекет ететін өзге тұлғаларды қамтиды) осы Шарт бойынша жеткізілетін (орындалатын, көрсетілетін) тауарлармен (жұмыстармен, қызметтермен) байланысты басқа Тарапқа, оның қызметкерлеріне, агенттеріне, өкілдеріне, әлеуетті клиенттеріне, үлестес тұлғаларына, сондай-ақ басқа Тарап тартатын немесе оның атынан әрекет ететін өзге тұлғаларға, мемлекеттік қызметкерлерге, үкіметаралық ұйымдарға, саяси партияларға, жеке тұлғалар мен өзге тараптарға (**«Тартылған тараптар»**) пара (шектеусіз кез келген төлем түрлерін, сыйлықтар мен өзге де мүліктік пайдаларды, сыйақылар мен жеңілдіктерді (ақшалай немесе кез келген құндылықтар түріндегі) қоса алғанда) бермеуге және беруге тырыспауға келіседі.
41.2	Каждая Сторона заявляет и гарантирует другой Стороне, что до даты настоящего Договора она не давала и не пыталась давать взятки Вовлеченным сторонам с целью установления и (или) продления каких-либо деловых отношений с другой Стороной в связи с настоящим Договором, а также что она не является предметом какого-либо расследования органом правопорядка, или стороной какого-либо фактического или потенциального судебного разбирательства, в обоих случаях в связи с необоснованными обвинениями во взяточничестве.	Әр Тарап басқа Тарапқа Шартты жасау күніне дейін осы Шартпен байланысты басқа Тараппен қандай да бір іскерлік қарым-қатынастарды орнату және (немесе) ұзарту мақсатында Тартылған тараптарға пара бермегені және беруге тырыспағаны туралы, сонымен қатар пара алу бойынша негізсіз айып тағумен байланысты құқық тәртібі органының қандай да бір тергеуінің пәні немесе қандай да бір нақты немесе әлеуетті сот қарауының тарабы емес екені туралы мәлімдейді және оған кепілдік береді.
41.3	Каждая Сторона признает и соглашается с тем, что она ознакомилась с законами против взяточничества и отмывания денег всех стран, в которых она учреждена или зарегистрирована и в которых она осуществляет свою деятельность, и будет соблюдать указанные законы.	Әр Тарап өзі құрылған немесе тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдердің парақорлыққа және ақшаның жылыстауға қарсы заңдарымен танысқанын мойындайды және аталмыш заңдарды сақтауға келіседі.
41.4	Каждая из Сторон соглашается с тем, что она не будет совершать и не допустит со своего ведома совершения каких-либо действий, которые приведут к нарушению другой Стороной применимых законов против взяточничества или отмывания денег.	Әр Тарап қолданыстағы парақорлық пен ақшаны жылыстауға қарсы заңдардың бұзуына әкеп соғатын қандай да бір әрекеттерді жасамауға және басқа Тараптың жасауына жол бермейтініне келіседі
41.5	Стороны соглашаются с тем, что их бухгалтерская документация должна точно отражать все платежи, осуществляемые по настоящему Соглашению.	Тараптар олардың бухгалтерлік құжаттамасы осы Келісім бойынша жасалатын барлық төлемдерді нақты көрсетуі тиіс екенімен келіседі
41.6	Если одной из Сторон станет известно о фактическом или предположительном нарушении ею какого-либо из настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, она должна немедленно поставить об этом в известность другую Сторону и оказать ей содействие в расследовании, проводимому по данному делу.	Егер Тараптардың біреуіне өздерінің парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы ережелердің қайсыбірін іс жүзінде немесе болжалды бұзғаны туралы белгілі болса, ол кідірместен бұл жайында басқа Тарапқа хабарлап, осы іс бойынша тергеу амалдарын жүргізуге көмек беруі тиіс.
41.7	Стороны соглашаются принять меры по разработке для своих сотрудников и в дальнейшем следовать политикам и процедурам по борьбе с коррупцией, необходимым для предотвращения фактов взяточничества или попыток дачи взяток	Тараптар өз қызметкерлері үшін парақорлық немесе пара беру әрекеті фактілерінің алдын алуға қажетті сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу бойынша шараларды қолдануға және бұдан әрі оларды сақтауға келіседі.
41.8	Каждая Сторона обязуется обеспечить выполнение своими подрядчиками, консультантами, агентами, дистрибьюторами и другими лицами, предоставляющими услуги от ее имени по настоящему Договору, процедур по предотвращению фактов взяточничества или попыток дачи взяток.	Әр Тарап өз мердігерлерінің, кеңесшілерінің, агенттері мен дистрибьюторларының осы Шарт бойынша оның атынан қызмет көрсететін өзге тұлғалардың парақорлық немесе пара беру әрекеті фактілерінің алдын алу бойынша рәсімдерді орындауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
41.9	Стороны соглашаются, что в дополнение к правам на расторжение (отказ от исполнения), предусмотренным другими положениями настоящего Договора, не нарушающая Сторона имеет право немедленно расторгнуть (отказаться от исполнения) настоящего	Тараптар осы Шарттың басқа ережелерінде көзделген бұзу (орындаудан бас тарту) құқығына қосымша ретінде бұзбаған Тарап басқа Тарап парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы осы ережелерді бұзған жағдайда, шұғыл түрде осы

	Договора в случае нарушения другой Стороной настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, и при этом другая Сторона не вправе требовать какие-либо дополнительные платежи в рамках настоящего Договора, кроме платежей за услуги, оказанные по настоящему Договору до его расторжения, и которые не связаны с нарушением настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции.	Шартты бұзуға (орындаудан бас тартуға) құқылы екенімен келіседі, және бұл жағдайда басқа Тарап парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы осы ережелерді бұзумен байланысты емес, осы Шарт бойынша ол бұзылғанға дейін көрсетілген) қызметтер үшін төлемдерді қоспағанда, осы Келісім шеңберінде қандай да бір қосымша төлемдерді талап етуге құқығы жоқ.
41.10	Стороны соглашаются, что KAZ Minerals освобождается от обязательств по осуществлению каких-либо платежей, которые могут причитаться другой Стороне по настоящему Договору, если такие платежи связаны с транзакцией, в отношении которой такая другая Сторона допустила нарушение настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции.	Тараптар осы Келісім бойынша басқа Тарапқа тиесілі болуы мүмкін қандай да бір төлемдер транзакциямен байланысты болып, басқа Тарап осы транзакцияға қатысты парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы ережелерді бұзуға жол берген болса, KAZ Minerals қандай да бір төлем жасау міндеттемелерінен босатылатындығымен келіседі..

42 ИСТЕЧЕНИЕ СРОКА ДЕЙСТВИЯ НАСТОЯЩЕГО ДОГОВОРА ПОСТАВКИ И СОХРАНЕНИЕ ДЕЙСТВИЯ ЕГО ПОЛОЖЕНИЙ ПОСЛЕ ИСТЕЧЕНИЯ СРОКА ДЕЙСТВИЯ / ОСЫ ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІНІҢ ӨТУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ӨТКЕННЕН КЕЙІН ОНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН САҚТАУ

42.1	Настоящий Договор Поставки действует до даты, указанной в Деталях Заказа, а в части принятых на себя обязательств, до тех пор, пока между Сторонами не будут i) выполнены окончательные расчеты по всем платежам и ii) выполнена Поставка, и/или iii) использованы любые средства защиты, предусмотренные в настоящем Договоре Поставки, и выполнены все обязательства по настоящему Договору Поставки.	Осы Жеткізу шарты Тапсырыс деректерінде көрсетілген күнге дейін, ал Тараптар арасындағы өздеріне қабылдап алған міндеттемелерді, яғни i) барлық төлемдер бойынша түпкілікті есеп айырысулар орындалғанға және ii) Жеткізу орындалғанға және/немесе iii) осы Жеткізу шарытында көзделген кез келген қорғау құралдары пайдаланылғанға және осы Жеткізу шарты бойынша барлық міндеттемелер орындалғанға дейін қолданыста болады.
42.2	Обязательства, возложенные на Поставщика в соответствии со следующими Статьями, остаются в силе после расторжения/отказа или полного исполнения настоящего Договора Поставки: Статьи 4, 8, 13, 16, 17, 22, 23, 25, 29, 30, 33, 34, 39 и 40, а также любые другие Статьи, которые по своим условиям должны продолжать свое действие.	Келесі Баптарға сәйкес Жеткізушіге жүктелген міндеттемелер осы Жеткізу шарты бұзылғаннан/бас тартқаннан немесе толық орындалғаннан кейін де күшінде қалады: 4, 8, 13, 16, 17, 22, 23, 25, 29, 30, 33, 34, 39 және 40-баптары, сонымен қатар талаптар бойынша өз әрекетін жалғастыруы тиіс басқа да Баптар.

43 ПОЛОЖЕНИЯ О СПРАВЕДЛИВЫХ УСЛОВИЯХ НАЙМА И ПОРЯДКЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ПОСТАВЩИКАМИ / ЖҰМЫСҚА ӘДІЛ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

43.1	Стороны обязуются выполнять свои обязательства, предусмотренные в настоящем Договоре Поставки, с надлежащим соблюдением социальных прав своих работников или работников Аффилированных лиц и допустимым воздействием производственных операций на окружающую среду и местное население, проживающее вблизи производственных объектов.	Тараптар өз жұмыскерлерінің немесе үлестес тұлғаларының жұмыскерлерінің әлеуметтік құқықтарын тиісінше сақтай отырып және өндірістік операциялардың қоршаған ортаға және өндірістік объектілерге жақын тұратын жергілікті халыққа рұқсат етілген әсерімен осы Жеткізу шартында көзделген өз міндеттемелерін орындауға міндеттенеді.
43.2	Стороны обязуются выполнять свои обязательства по настоящему Договору Поставки в соответствии с принципами «Кодекса о справедливых условиях найма» и «Регламента взаимодействия с поставщиками», размещенными на веб-сайте www.kazminerals.com.	Тараптар осы Жеткізу шартында көзделген міндеттемелерін www.kazminerals.com веб-сайтында орналастырылған Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекстің қағидаларына және Жеткізушілермен өзара әрекеттесу регламентіне сәйкес орындауға міндеттенеді.
43.3	Стороны гарантируют и заверяют, что:	Тараптар мыналарға кепілдік береді және куәландырады:
